Толықтырылмалы хаттаманың басқа мысалы - SIMPLE (SIP for Instant Messaging and Presence Levering Extension). Шын мәнісінде бұл оқиға (presence) туралы ақпарат ұсынатын және “шұғыл” хабарламаларды (instant messaging) жіберуге арналған SIP кеңеюі.

Сондай - ақ MIME-сигнал беру контроллерлері арасындағы SIP-T (Trunk) нысандар түріндегі хабарлама тасымалдау хаттамасын, сондай - ақ SIGTRAN (Signaling Transport) - IP-желісі арқылы SS7 дабылдар жүйесіндегі хабарлама тасымалдау хаттамасын атап өткен жөн.

SIP архитектурасы (2.6 сурет) да өте қарапайым және бірнеше міндетті емес компоненттерден тұрады.



Сурет 2.6 – SIP архитектурасы

SIP (SIP user agent) қажеткері - құрылғы (IP-телефон, шлюз немесе басқа қолданушылық терминал) ретінде, ПК, PDA және т.б. арналған бағдарламалық қосымша ретінде де ұсынылуы мүмкін. Әдетте SIP-қажеткер қажеткерлік те серверлік те (User Agent Client, немесе UAC, және User Agent Server, немесе UAS) бөліктен тұруы мүмкін. Осы компоненттің негізгі функциясы - қоңырауға ынтагерлік білдіру және аяқтау.

SIP прокси-сервері - қоңыраудың бағытын және жұмыс қосымшаларын басқарады. Прокси-сервер қоңырауларға ынтагерлік білдіре және атаулай алмайды.


SIP Redirect-сервері - қоңырауларды берілген шарттарға сәйкес бағыттайды. SIP (registrar/location) тіркеу сервері - қолданушыларды тіркейді және қолданушылардың атын мекен - жайымен, телефон нөмірімен сәйкестендіреді.

SIP-желілерінің SIP архитектурасына формальды кірмеген тағы бір маңызды компоненті - Back-to-Back User Agent (B2BUA). Бұл бір - бірімен біріккен екі SIP-қажеткері бар, сондықтан қоңырауларға ынтагерлік білдіре алатын және қоңырауды аяқтай алатын ерекше сервер.

Осы компоненттерден функционалды “кірпіштер” сияқты кез - келген топологиядағы, күрделіліктегі және масштабтағы, жаңаша АТС функциясының толығымен орнын басатын желіге дейінгі VoIP желісін құрауға болады. Сонымен қатар жаңа сервистер - Интернет және бизнес-қосымшаларын, бағдарламаланған қызметтерді, мультимедиялық қызметтерді, оқиғалар туралы хабарды және т.б. құруға болады.

2.7. суретте прокси-сервер қатысуымен SIP хаттамасы бірігуінің жалпы формадағы ерекше сценарийі көрсетілген. Абонент Invite хабарламасын жібере

отырып прокси-серверге бірігуге сауал жібереді. Прокси-сервер Trying хабарламасын қайтарады және шақырылған абонентке Invite хабарламасын жібереді. Прокси-сервердің шақырылған жаққа жіберген Ringing хабарламаларымен шақырылған жақ жауап қатады. Содан кейін шақырылған жақ трубкуны көтерген кезде шақырылған жаққа прокси-сервермен тасымалданатын ОК хабарламасы жіберіледі. Шақырылған жаққа Ack растаушы хабарламасы қайтарылады.



Сурет 2.7 – SIP хаттамасы бойынша бірігу сценарийі.

Осы сәттен бастап бірігу бекітілген болып есептелінеді және RTP/RTCP хаттамасы бойынша медиа-трафиктердің алмасуы басталады. Бірігуді аяқтағысы келетін жақ Bye хабарламасын жібереді және содан кейін растаушы ОК алынғаннан кейін ғана байланыс үзіледі.

Бұл сценарий өте қарапайым, оған басқа серверлер (Redirection, Registrar, Location) қатыспайды, бірақ ол SIP - желісі функционалды элементтерінің өзара әрекеті сызбасы туралы түсінік береді.

2.4.3 MGCP Хаттамасы


IP-телефониясының соңғы қарастырылатын хаттамаларының бірі - MGCP (Media Gateway Control Protocol). Анығын айтқанда, мұнда бір ғана хаттама туралы емес, толық топ - SGCP, IPDC, MGCP, MEGACO, H.248 туралы айтылады. Бұл спецификациялар тұжырымдылық қана емес, “жақын туыс” та болып табылады.

MGCP құрылу тарихы екі хаттаманың - SGCP (Simple Gateway Control Protocol, Bellcore және Cisco Systems өңдеу) және IPDC (Internet Protocol for Device Control, көптеген өндірушілермен Level 3 компаниясымен дайындалды) құрылуынан бастау алады. Сосын SGCP және IPDC MGCP аталатын бір

мамандандырылған шлюздарды: транкалы (Trunking gateways, TGW), абоненттік (Residential gateways, RGW), кіру шлюздары (Access gateways, AGW) және т.б. алуға болады.

СА сигнал беру контроллері желіні екі логикалық элемент - құрылғы (end-points) және олардың арасындағы бірігу (connections) ретінде қабылдайды. Құрылғылар физикалық (мысалы, IP-телефондар немесе шлюздардағы сызықтар) немесе виртуалды (мысалы, дауыстық хабарламалар серверіндегі сызықтар). Бірігулер дауыс жіберу, факс-хабарламаларға немесе мәліметтерге негізделуі мүмкін. Осы элементтерді басқару, яғни құрылғылар арасындағы байланыс UDP - бұған қоса бізге таныс SDP хаттамалары бойынша командалар арасындағы мәтіндік (ASCII) хабарламалар түрінде жүргізіледі. Ережеге сәйкес, СА контроллерінің өзара әрекетін басқару кез-келген оқиғаға сәйкес жүргізіледі.

MGCP (2.9 сурет) концепциясы бірігуінің қарапайым сценарийі келесідей көрініс табады. MGCP-шлюзға қосылған телефон қолданушысы трубкуны көтереді, содан кейін шлюз орын алған оқиғаны хабарлайды, ал СА шлюзға дайындық (dial-ton) сигналын телефон сызығына қосуға нұсқау береді. Енді қолданушы трубкадан үзілмейтін гудокты естиді. Телефон нөмірінің жиынтығы - контроллер үшін оқиғалар реттілігі болып табылады. Осы оқиғаларды талдай отырып, СА IP-желісі немесе телефон желісінде басқа абоненттермен бірігуді ұйымдастырады. Айтпақшы, сигнал берудің орталықтандырылған тазартқышы контроллерге телефон желісінен IP-желісіне SS7 немесе ISDN дабылдар жүйесін мөлдір тасымалдауға және керісінше IP-желісінен телефон желісіне IP-пакеттеріне бумаланған сәйкес сигнал хабарламаларын алуға, ал содан кейін оларды шлюздарда дауыс каналдарымен талдауға және манипулировать етуге мүмкіндік береді.



Сурет 2.9 – MGCP хаттамасы бойынша біріктіру сценарийі

2.4.4. H.323, SIP және MGCP хаттамаларын салыстыру

Үш түрлі хаттаманың “өмірбаяндық мәліметтерін” және функционалдық ерекшеліктерін (2.2 кестені қараңыз) салыстыра отырып, олардың ерекшелігі тарихи тұрғыда болатынын көреміз, көбіне бұл ретте әр уақыттағы телекоммуникация дамуының тарихи өзгерістерінің әсерін айтуымызға болады. Бұған қоса H.323 - бұл операторлық желі мен оператор аралық байланыс арасына арналған IP-телефонияның кең таралған хаттамасы, "транзитті" хаттама деп айтуымызға да болады. Өз кезегінде, SIP - тез дамуға мүмкіндік беретін, басқаша айтқанда, “абоненттік” хаттама болып табылатын IP-желісіндегі дауыс қызметтерін кеңейтуге арналған хаттама. MGCP келетін болсақ, ол ең алдымен үлкен операторлық тораптардағы ТфОП және SS7 желісімен IP-желісінің қиысуына негізделген.

К е с т е 2 . 2 - VoIP-желісіндегі хаттамаларды салыстыру

Көрсеткіш	H.323	SIP	MGCP
Қажеткер	Білімді	Білімді	Топас
Функционалды желілер мен желілік сервистерді анықтайтын компонент	Дарбазашы	Прокси-сервер	СА сигналды контроллері
Қолданбалы үлгі	Телефондық (Q.931)	Интернет (WWW)	Орталықтандырылған
Сигнал жіберу хаттамасы	TCP*	TCP немесе UDP	UDP
Медиа-трафик жіберу хаттамасы	RTP	RTP	RTP
Хабарлама форматы	Екілік (ASN.1)	Мәтіндік (ASCII)	Мәтіндік (ASCII)**
Стандарттаушы ұйым	ITU	IETF	IETF/ITU
UDP-хаттама бойынша жіберілуі мүмкін; хабарламаның H.248 сияқты екілік форматы да мүмкін.			

SIP хаттамасы, инженер-желіліктерге және программистерге аса түсінікті және ыңғайлы, функциялары біраз уақыттан кейін пакеттік желілер бойынша дауыс жіберу шеңберінен шығатын жаңа қызмет хаттамасына айналады. "IP-коммуникациясы" терминін қазір жиі естуге болады. IP-коммуникацияның

телефониядан (оның үстінде бүгінгі телефониядан) ерекшелігі біз әлі елестете алмайтын сервистердің молшылығынан тұрады.

MGCP отбасы тағдырының қалай болатындығын әзірге айту қиын. Бұл хаттамалар, шындығында, өтпелі кезеңде - каналдар коммутациясы және TDM-желілерінен желідегі пакеттік коммутацияға (анығында, IP-желілеріне) дейін сұранысқа ие болмақ. Бірінші кезекте мұндай сұраныс телефон желілерінің (әсіресе SS7) IP-телефонияларына мөлдір байланысуына жағдай жасайды. Бірақ MGCP отбасылық хаттамасы дамуының ары қарайғы келешегі - желілік тораптың тең құқылығын түспалдайтын “интернетке”, “ақылды қажеткерлер” және инновациялық қызметтер үлесіне немесе жана қызметтер тек орталықтандырылған қатты иерархиялы және қажеткер “топас” болған сайын, оператордың өмір сүруі жеңілдейді дейтін жазылмаған қағида бойынша жұмыс жасайтын “телефондық” телекоммуникация конвергенциясы үдерісінің жүрісіне байланысты.

Бүтіндей алғанда, SIP хаттамасы Интернет-телефония қызметін өзінің тек қызметтік пакетінің азғантай бөлігі ретінде қарастыратын Интернет-провайдерлерге бағдарланған дейтін қорытынды шығаруға болады. Жеткіліктілігі бола тұра H.323 технологиясы көбіне бірлескен желілерге (интранет) және осы қызметтер басымдық болып табылмайтын IP-телефониясы қызметін жеткізушілерге сәйкес келеді. Бүтіндей алғанда H.323 және SIP бәсекеге қабілетті технология ретінде қарастырудың қажеті жоқ, олар нарық сегменттеріне арналған түрлі жүрістер болып табылады. Олар қатарлас және тіпті арнайы шекаралық шлюз арқылы өзара әрекеттесе жұмыс істей алады.

Түрлі стандарттардың мүмкіндіктерін салыстыра отырып, SIP хаттамасының IP-телефониясы базасындағы қосымшаларды құрастырудағы аспаппен жұмыс істеуді жүзеге асыру қарапайымдылығы мен аса ыңғайлылығын үлкен сеніммен айта аламыз.


2.5 VoIP-телефониясының коммуникациялық қызметтері

IP-телефония келесі коммуникациялық қызметтерді ұсынады:

- компьютер - компьютер;
- компьютер-телефон;
- WEB – телефон;
- телефон-компьютер;
- VPN виртуалды жекеменшік желісі ;
- әлемдік роуминг.

Көрсетілген қызметтердің ұйымдастырылуын жете қарастырайық.

Компьютер-компьютер бірігуінің белгіленуі. «Компьютер-компьютер» сценарийі бойынша IP-телефониясы үлгісінің компоненттері 2.10. суретте көрсетілген.




Сурет 2.10 – Конференция түрлері

Бұл бірігуде сөйлеу тілінің баламалы сигналдары А абонентінің микрофонынан АЦП баламалы-сандық түрлендіргіші көмегімен сандық формаға түрленеді, әдетте 8000 есептегіш/с, 8 бит/есептеу, қорытындысында 64 Кбит/с. Бұл сандық формадағы сөйлеу мәліметтері сосын 4:1, 8:1 немесе 10:1 арақатынасында кодтау құрылғысымен ығысады, сөйлеудің ығысу алгоритмі ары қарай қарастырылады. Шығыс мәліметтер ығысудан кейін пакеттерде құрастырылады, хаттамалардың басы қосылады да Б қызмет көрсету абонентінің IP-телефониясы жүйесіне IP-желісі арқылы пакеттер беріледі. Пакеттер Б абонентінің жүйесімен қабылданғанда, хаттама басы өшеді және ығысқан пайдалы күштің сөйлеу мәліметтері қайта кодталған құрылғыға жіберіледі, содан кейін сөйлеу мәліметтері қайтадан ЦАП сандық балама көмегімен баламалы формаға түрленеді және Б абонентінің телефонына түседі. Екі абонентпен әдеттегідей қоңырау шалуда IP-телефония жүйелері әр шекте бір мезгілде жіберу және қабылдау функциясы ретінде жүзеге асырылады. (2.11 сурет).

"Компьютер - компьютер" сценарийін қолдау үшін Интернет қызметін жеткізушіге қолданушылардың аттарын IP динамикалық мекен - жайына түрлендіретін жеке мекен - жайлар серверін иелену керек, ал сценарийдің өзі желіні пайдаланатын, негізінде мәліметтер жіберетін және кейде қызметтестерімен сөйлесу үшін IP-телефониясының бағдарламалық камсыздандыруын қолданатын қолданушыға бағытталған болуы керек.

"Компьютер - компьютер" сценарийі бойынша IP байланысын пайдалану әсіресе ірі компаниялардың жұмыс өнімділігін көтерумен байланысты, мысалы, бірлескен желілердегі виртуалды презентацияларда Web-сервері құжаттарын көру ғана емес IP-телефоны көмегімен олардың құрамын талқылауға болады.

Бұған қоса қос IP-желісімен ТфОП элементтері қолданылуы мүмкін, ал шақырылған жақтың сәйкестендірілуі E.164, сондай - ақ IP - мекен-жайлары негізінде жүзеге асуы мүмкін. Осы мақсатқа арналған бағдарламалық камсыздандыру ретінде Microsoft торабынан тегін жүктелетін Microsoft Net Meeting пакеті таратылады [9].



Сурет 2.11 – компьютер-компьютер бірігуінің белгіленуі немесе әлемдік Internet желісі немесе Intranet кәсіпорнының бірлескен желісі

Компьютер-телефон бірігуі. Әлемнің кез - келген мемлекетінде бола тұра, IP-телефониясы провайдерінің абоненті Интернетке шыға алатын кез - келген компьютерден қоңырау шала алады. Ол үшін ол өз компьютеріне Internet Phone бағдарламасын орнатуы және бір рет оған тіркеу мәліметтерін енгізуі керек. Компьютер мультимедиялық болуы тиіс, яғни, дауыстық плата, құлақшын (колонкалар) және микрофон керек. Компьютерден қоңырау шалу телефон-телефон қоңырау шалудан қарағанда арзандау.


Келесі "компьютер-телефон" сценарийі Интернеттің анықтамалық-ақпараттық қолданысын, тауарларды өткізу немесе техникалық демеу сервистік қызметтерін жүзеге асырады. Кез - келген компанияның WWW серверіне қосылған қолданушы анықтамалық қызмет операторына хабарласуға мүмкіндік алады. Бұл сценарий іскерлік секторларда аса сұранысқа ие болмақ [28].

Компаниялар осы технологияны өздерінің Web-парақшаларын (және жарнама беру мақсатында әлемдік тордан орын алуды) ұлғайтуға қолданады.

Компьютер қолданушылары “шынайы уақытта” каталогтарды көре алады және тез арада тауарға тапсырыс бере алады және басқа да көптеген қызметтерді ала алады. Бұл қосымша ыңғайлылық пен уақытты үнемдеумен байланысты заманауи тұтынушылардың өмір тәртібін өзгертуіне жағдай жасайды. Бүгіннің өзінде кең қолданыстағы (мысалы, компакт-дискілер, кітаптар, бағдарламалық қамсыздандыру және т.б.) заттарды орталықтандырылған дағдымен алудың барлық тиімділігі мен ыңғайлылығы мойындалуда және электронды коммерция бойынша операция әдеттегідей аяқталуда.

"Телефон-компьютер" сызбасы 2.12. суретте көрсетілген. А абоненті пакеттік телефония және әдеттегі телефонды пайдалана отырып анықтамалық-ақпараттық қызметке қоңырау шалу үшін, алғашқы фазасында А абоненті IP-телефониясының жақын маңдағы шлюзына қоңырау шалады. Шлюздан А абонентіне қоңырау бағытталатын нөмірді және сәйкестендіру мен төлемнің кезектегі саналуы үшін PIN сәйкестендіргіш нөмірін енгізуге сұраныс келеді, егер бұл анықтамалық-ақпараттық қызмет болса, қоңырау шақырылған абонент жағынан төленеді.


Шақырылған нөмірді негізге ала отырып, шлюз аталмыш қызметке жол іздейді. Сонымен қоса, шлюз қоңыраудағы сөйлеу коды мен пакеттендіру функцияларын жеделдетеді, қызметпен байланыс орнатады, қоңыраудың мониторингін жүзеге асырады және сигнал беру мен басқару хаттамасы арқылы шығарылған жақтан қоңыраудың (мысалы, желінің бос болмауы, қоңыраудың жіберілуі, ажыратылуы және т.б.) жүрісі туралы ақпаратты қабылдайды. Кез - келген жақтан орын алған ажыратылу қарама - қарсы жақтан сигнал беру хаттамасы арқылы беріледі және орнатылған бірігулердің аяқталуына жағдай жасайды да келесі қоңырау үшін ресурстардың бос болуын қамтамасыз етеді.



Сурет 2.12 – Телефон-компьютер бірігуінің орнатылуы

IP-телефониялары провайдерлері ұсынған тағы бір жаңа қызмет - бұл WEB-сайттан немесе шақырылған абонент атынан Интернет бетінен сілтеме таңдап, қоңырауды жүзеге асыратын WEB-телефония аймағындағы VocalТес компаниясының шешімі (2.13 сурет). Бұл шешім ең алдымен электронды сауданың кеңейтілуіне бағытталған. Surf&Call Интернет қолданушыларға тікелей сөйлесуге мүмкіндік береді, мысалы, өзін қызықтыратын фирманың сауда өкілімен не техникалық қолдау маманымен тілдесе алады.

Телефон бірігуінің орнатылуы курсорды Интернет парақшасында компания атауын, шақырылған абонент атын және т.б. білдіретін сілтемеге басу арқылы жүзеге асады. Мұнымен бірге қолданушыға екінші телефон желісі немесе Интернет жұмысының тоқтатылуы қажет емес, тек сол WEB-парақшасында ("ПК- клиент") табуға болатын және автоматты түрде орнатылатын қажеткердің бағдарламалық қамсыздандыруын жүктеу қажет. Екінші жағынан Surf&Call компания өкілдерінің сауалдарына жауап беруге, WEB-парақшаларын көрсетуге, ұсынылатын қызмет сапасын арттыра отырып қажетті ақпаратты беруге жәрдемдеседі.



Сурет 2.13 – WEB – телефонының бірігуі

2.6 VPN виртуалды дербес желісі

IP-телефония кәсіпорынның дербес желісін құру үшін өте оңды технология болып табылады. Virtual Private Network VPN технологиясының негізгі қыры - бірлескен IP-трафигін жіберуге арналған магистраль ретінде IP-

желісінің қолданылуы. VPN желілері бірлескен қолданушының алыс жердегі және алыс орналасқан ЛВС және АТС бірігулерін дауыс және мәлімет жіберуге арналған бірыңғай бірлескен желіге біріктіреді. Бұл жағдайда IP-телефония алыс бөлімшелер арасындағы дауыстық трафиктерді бір ғимаратта орналасқандай алмастыруға қызмет етеді.

Виртуалды жабық желілер дәстүрлі байланыспен салыстырғанда өте төмен шығын кетіре отырып түрлі жергілікті желілер арқылы қауіпсіз бірігуді қамтамасыз етеді.

LAN жергілікті желісі мен WAN әлемдік желісі арасындағы қауіпсіз (шифрланған) жіберуді қамтамасыз ету үшін екі не одан да көп бағыттаушы қажет. Ең төмен бағада Internet провайдерлері қызметінің кез - келгеніне қосылып, жабық желі деңгейінде LAN - LAN мәліметтерін жібере аламыз. Виртуалды жабық желілер кез - келген желі арқылы қауіпсіз туннельдеуді және Internet бойынша жергілікті желілер арасындағы қауіпсіз бағыттауды жүзеге асырады [11].

Ақпаратты жіберу қауіпсіздігі үшін 144 бит ұзындықтағы кілті бар Blowfish шифрлау алгоритмі қолданылады. Шифрлауға жеке пакеттер ғана емес барлық жіберілетін мәліметтер ілігеді. Сенімділікті арттыру үшін әр туннельге жеке кілт қолдануға болады.

Іскерлік қатынастарда Internet қолдана отырып көп пайда табу үшін екі маңызды қадамды жасау керек. Бірінші қадам - бұл Internet - ке қосылуға рұқсат алу. Екіншісі - Internet желісінің алыс мандағы кеңселермен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін ашу. VPN виртуалды дербес желісі технологиясы алыс жердегі локальді желілермен бірлесіп жұмыс мүмкіндігін ашады. Бұған қоса бірігу бағасы алыс жерлердегі желілер бірігуінің аз бөлігін ғана қамтиды. Осы күнге дейін бұл технология тек талқыланды және аздаған компаниялар ғана дайын шешімдерін ұсынды.

WAN кең масштабты желісін қолданатын компаниялар үшін бұл технология барлық қажеттіліктерді өтейді. Жаңа технологияның қолданылуы каналдарды қолдану үшін жіберілетін шығындарды түбірлі түрде төмендетуге мүмкіндік береді. VPN технологиясының басқа да компаниялары телебайланыстың барлық саласында жоғары тиімділікке ие болады.

2.7 VoIP-желісі бойынша сөз жіберу

IP-желісі бойынша сөз жіберу кезіндегі кездейсоқ өзгеретін кідірістер СТОП қарағанда анағұрлым үлкен. Бұл факт өз алдына мәселе туындатады және жаңғырық мәселесін қиындатады. Кідіріс (немесе кешігу уақыты) сөйлеу сигналының сөйлеушіден естушіге дейінгі аралығындағы кеткен уақытымен анықталады. Осы уақыт аралығының үлестік сипаттамаларына әсер ететін негізгі мәселелерді қарастырайық. [16]


1. Күні бұрын айтылған уақытқа қарағанда желі арқылы пакеттің тұрақсыз және әлсіз өтуімен байланысты желінің әсері. Егер желінің жүктемесі аз болса, бағыттаушылар мен коммутаторлар пакеттерді тез арада дайындайды,

ал байланыс сызықтары әр уақытта қол жетімді деп айтуға болады. Егер жүктемесі көп болса, пакеттер қызмет көрсету кезегінде уақытын өткізіп алуы мүмкін. Бағыттаушылар, коммутаторлар және пакет өтетін маршруттағы сызықтар көп болған сайын, соғұрлым оның кешігуі де және вариациясы, яғни джиттері де көп болады.

2. Көп бөлігі орталық процессор мен түрлі жүйелер арасындағы ондаған миллисекунд - ты арттыратын уақыттың нақты бөлінуін бақылай алмаудан, сондай - ақ дәл осы уақытта сыртқы құрылғылардан бір үзілістен артығырақ уақыт дайындай алмайтын операциялық жүйенің әсері. Бұл желілік интерфейс пен сыртқы құрылғылар арасындағы тілдік қорытындының тілді кодтау алгоритміне сәйкес не одан көптеу болып тәуелсіз болуына әкеп соқтырады.

Бұл байланыста кідірістің жалпы уақыты үлесіне әсер ететін ОС операциялық жүйесінің жиынтығы маңызды фактор болып табылады. Айталмыш әсерді азайту үшін кейбір шлюз және IP-телефондарын өндірушілер процесор уақытын ажыратуда қиын механизмдерді пайдаланатын, осы арқылы тоқтатуға тез әсер беретін және үдерістер арасындағы ағын алмасуларда өте тиімді болып табылатын шынайы уақыттың (VxWorks, pSOS, QNX Neutrino және т.б.) ОС қолданады. Тағы бір амал ретінде функцияларды қатаң уақыт шеңберінде (сөйлеу кодектері мен желілік интерфейс арасында мәлімет алмасу, RTP тірегін және т.б.) тез әсер еткізетін жеке процессорға жіберуді айтуға болады. Бұған қоса сөйлеу мәліметтері белгіленген шеттегі құрылғылар арқылы жіберіледі, ал жұмыс станциясының ОС бірігу және сигнал беру хаттамаларының алгоритмдері, яғни қатаң уақыт шеңберін талап етпейтін тапсырмалар ғана қолдайды. Бұл амал Dialogic, Audiocodes, Natural Microsystems фирмаларымен өндірілген IP-телефонияларының платаларында өткізілген.

3. Джиттер-буферінің әсері. Джиттер мәселесі пакеттік-хабардар желілірде орын алады. Сөйлеу пакеттерін жіберуші оларды тіркелген уақыт аралығында (мысалы, әр 20 мс аралығында) жібереді, бірақ желі арқылы өтетін пакет кідірістері бірдей болмайды, сондықтан олар бағайындалған бөлімшеге бір уақытта келіп жетпейді. Бұл 2.14. суретте көрсетілген.



Сурет 2.14 – Тіркелген уақыт аралығында сөйлеу пакеттерінің жіберілуі

Джиттердің әсерін теңгеру үшін терминалдарда джиттер-буфер қолданылады. Бұл буфер келген пакеттерді сыйымдылығында (ұзындығына) қарай анықталған уақытына қарай өз жадында сақтайды. Өте кеш келген пакеттер буфер толған уақытта лақтырылып тасталады. Жаңғыру уақыты RTP-пакеттерінің уақыттық белгісімен анықталады. Джиттер-буфер функциясына әдетте желі бойынша тасымалдау барысында “шиеленіскен” пакеттердің шығыс кезектері кіреді.

Өте қысқа буфер “кешіккен” пакеттердің өте жиі жоғалуына, ал өте ұзыны - үлкен қосымша кідіріске әкеп соқтырады. Әдетте бірігу уақыты аралығында буфер ұзындығының динамикалық құрылысы қарастырылады. Өте тиімді ұзындықты таңдау үшін эвристикалық алгоритмдер қолданылады.

4. Кодек әсері және пакетте жіберілген кадрлар саны.

Көптеген заманауи тиімді кодтау/қайта кодтау алгоритмдері мәліметтерді жеке есеп емес кадр арқылы жіберуге негізделген.

Сондықтан кодек ұзындығымен анықталатын уақыт аралығы есеп коды реттілігімен анықталуы керек. Бұған қоса, кейбір кодтарға сөйлеу ақпараттары кодын алдын - ала талдауды қажет. Бұл қорландыру және алдын - ала талдаудың сөзсіз уақыты пакет жалпы кідіріс уақытына кіреді.

Бір қарағанда, кадр ұзындығы қысқа болған сайын, кідіріс те қысқа болуы керек дейтін тұжырым қалыптастыруға болады. Алайда, RTP/UDP/IP-пакеттері арқылы жіберілетін қызметтік ақпараттың көптігі мәліметтердің аз - маз үлесі тиімді емес, сондықтан ұзындығы қысқа кодектерді бір пакетке бірнеше кадрға бумалау қажет. Бұған қоса, ұзақ уақыт аралығында сигналды “бақылай” және

сигналды тиімді үлгілей алатындықтан кадрлары ұзын болып келетін кодектер тиімдірек.

5. Жаңғырық феномені сөйлеушіге де тыңдаушыға да қиындықтар туғызады. Сөйлеуші аздаған кідіріспен өз дауысын естиді. Егер сигнал екі рет естілсе, онда тыңдаушы сөйлеушінің (екінші рет - әлсіз және кідіріспен) айтқанын екі рет тыңдауға мәжбүр болады.

Жаңғырық электрлік және акустикалық табиғатқа ие болуы мүмкін. Дифжүйеде көрініс табу СТОП сипатының ажырамас бөлігі. Сондықтан олар СТОП пен IP-желілерінде өзара әрекеттеседі. Әлі күнге дейін абоненттік терминал құруда кабельді үнемдеу үшін сөйлеу сигналдары екі бағытта таратылатын екі жетекті сызықтар пайдаланылуда. Бұған қоса көптеген телефон желілерінде екі бағытта сигнал жіберу екі жетекпен және АТС электромежаникалық сызықтары арқылы жүзеге асуда. Түрлі бағыттағы сигналдарды ажырату үшін абонент терминалдарында және АТС қарапайым дифжүйе аталатын көпір сызбалары қолданылуда [16].

Егер сигнал тарату кідірісі көп болмаса (әдеттегі жергілікті желілердегідей), мұндай сигнал байқалмайды және жағымсыз сезім пайда болмайды. Егер кідіріс 15-20мс жетсе «үлкен бос ғимарат» әсері байқалады. Ары қарай кідіріс ұлғайған сайын сөйлесу сапасы да азайып, әңгімені жалғастыру мүмкіндігі болмайды.

Акустикалық жаңғырық мәліметтерді жіберу технологиясына қарамастан қатты сөйлейтін терминалдарды пайдалану барысында пайда болады. Акустикалық жаңғырықтың мөлшерлі ұзындыққа ие болуы да ғажап емес, бұл әсіресе өзгерістерде, мысалы, терминалдың орналасуы мен сөйлеушіге, тіпті ғимараттағы басқа адамдарға жағымсыз болуы мүмкін. Бұл жағдайлар акустикалық жаңғырықтың алдына үлкен міндеттер жүктейді.

Жаңғырықтың кері әсерін жою мақсатында екі түрлі құрылғы пайдаланылады: жаңғырық бөгеуші және жаңғырық өтемдеуші.

Олардың жұмыс істей тәртібі жеңіл және сөйлеу сигналынсыз жіберу каналын жіберу өшірумен байланысты. Мұндай техника қатты сөйлейтін байланысы (speakerphones) бар телефон аппараттарында кең қолданылады, алайда оның қарапайымдылығы сапалы байланысқа кепіл бола алмайды - сөйлеушіні тоқтату мүмкін болмайды, яғни байланыс жартылай дуплексті болмақ.

Жаңғырық өтемдеуші - қабылданған сигналдан келесі оқылымға дейін жаңғырық сигналын үлгілейтін өте қиын құрылғы болып табылады.

2.8 VoIP-желісі бойынша байланыс сапасы

Байланыс сапасын келесі сипаттамаларды пайдалана отырып бағалауға болады:

- дауыстың бұрмалану деңгейі;
- дауыстық пакеттердің “жоғалу” жиілігі;

– кідіріс уақыты (бірінші абоненттің алғашқы сөзін айтуы мен оның екінші абонентпен естілу уақытындағы аралық).

Дауысты кодтау мен жоғалған пакеттерді қалпына келтіру тілдесушілердің өздері IP-телефониясы бойынша хабарласып отырғандарын аңғара алмайтындай күйге жетті. Кідірістердің әңгімелесу қарқынына әсер ететіндігі белгілі [21].

Адам үшін 250 миллисекундқа дейінгі кідірістің тіптен білінбейтіндігі белгілі. Бүгінгі күнгі решения IP-телефониясының шешімі бұл шектен аспайды, сондықтан да сөйлесі әдеттегі телефон желісінен ажыратылмайды.

Бұған қоса, кідірістер келесі үш фактордың әсерінен азаяды:

– әзірлеушілер телефон серверлерін жетілдіруде және жұмыс алгоритмін жақсарта отырып, кідірістермен күресуде;

– дербес (бірлескен) желілер дамуда және олардың қожайындары өткізу жолағының енін және өз кезегінде кідіріс көлемін бақылай алады;

– Интернет желісінің өзі қарқынды дамуда.

Интернет операторлық желілерімен бірге The Internet Engineering Task Force IETF Reservation Protocol RSVP сияқты өткізу жолағын сақтай алатын жаңа технологияларды ұсынуда. Дегенмен бүкіл әлем бойынша роутерлерді жаңартуға және іс - шараларды ұйымдастыруға (мысалы, жоғары сапалы қызметтің ақшалай көрінісін қалай бағалауға болатындығын анықтау) біраз уақыт керек, Интернет әлемі, жоғарыда айтылғандарға қарамастан өте тез және дұрыс бағытта дамуда.

3 VoIP бірлескен желісін құрудың техникалық шешімі

3.1 Жобаның мақсаты мен міндеті

Бірлескен желі – бұл бір кәсіпорын шегінде үлкен көлемдегі әр түрлі ақпараттық ағымдарды (телефония, деректермен алмасу, Интернетке қолжетімділік, видеоконференциялар және т.б.) жіберу үшін арналған күрделі инфрақұрылым.

Бірлескен желіні құру кезіндегі басты міндет – өңдеуді оңтайландыру мен ақпараттық ағымдарды үлестіру. Желіні құру технологиясының ең елеулі үрдісі – пакеттік трафик пен сөзді бір байланыс арнасына біріктіру. Бұл телекоммуникациялық және желілік технологиялардың қолдану салаларының шекараларын бұзады: желі конвергенцияға ұшырайды десек те болады. Мұндай үрдіс желіні құрудың негізгі технологияларын, алмасу хаттамаларды және құрылғыларды таңдауды таптаурын емес міндет қылады.

Нақтылы бірлескен желіні құру тұжырымын таңдау келесі факторлармен анықталады: талап етілген ақпараттық қызметтер, жіберілетін трафик көлемі, қолданылатын инфрақұрылым және т.б. Бірақ, бірлескен желілерге жалпылама талаптар да бар. Кәсіпорын желілері тексерілген технологиялар негізінде құрылуы тиіс. Олар мынандай қасиеттерге ие болуы қажет: масштабтылық, икемділік, мультисервистілік, және ең бастысы – сенімділік. Бизнес үшін заманауи кәсіпорынның желісі ең талап етілетін қосымшалар мен басқарылатын сервистер қатарын қолдауы керек. Бірінші кезекте бұл:

- Интернет желісіне жоғарыжылдамдықты қолжетімділік мүмкіндігі;
- жеке виртуальдық желілерді құру (VPN);
- IP үстінен дауыс жіберу;
- видеоконференциялар өткізу;
- ақпараттарды қорғау.

Компаниялар жұмыс істейтін қосымшалармен жабдықтаушылардың және желілік өнімдерді өндірушілердің тізімі өнімдер қатары сияқты сондай кең және сан-қилы. Әр түрлі өндірушілермен құрылған өнімдер интеграциясы қиын үдеріс; мұндай гетерогенді инфрақұрылыммен басқару өте көп уақытты қажет етеді. Қосымша қорғау функцияларды, жана сервистерді және мүмкіндіктерді әр түрлі өндірушілердің өнімдері бар ортада іске асыру кезінде (мысалы, IP-телефония мен хабарламаларды бірыңғайланған өңдеу жүйесі) сыйысымдылықпен, функционалдық интероперабельдықпен қатамасыз етумен, біріктірілген басқару жүйесін құрумен байланысты келелі мәселелер мен кідірістер жиі пайда болады. Екі бөлек желілерді пайдалану (деректерді жіберу желісі және телефондық желі) кем дегенде екі өндірушілер мен сервистік ұйымдармен жұмыс істеу қажеттілігіне әкеліп соқтырады. Ол шығындардың өсуі мен қолдау қызметіне күш-салмақ түсуінің артуына тікелей байланысты. Егер де желіде сонымен қатар әр түрлі өндірушілердің жеке өнімдері

қолданылса, мұндай желілерді орнату, күйге келтіру және пайдаланудағы қаржы және уақытша шығындары геометриялық прогрессияда өсуі мүмкін. Ал егер де осындай инфрақұрылымға жаңа сервистер немесе технологияларды қосу қажет болса, келелі мәселелер одан арта түседі. Желіні құру кезінде қолданылатын өнімдердің өндірушілері тізімінің қысқаруы басқару және пайдалану үдерісін жеңілдетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар ағымдағы және болашақтағы шығындарды қысқартуға көмектеседі.

Бұл жобада “Dacu” АҚ бірлескен желісінің бөлінген құрылымын Cisco компания өндірісінің құрылғылары негізінде қарастырамыз. Бұл өндірушіні таңдауға тапсырыс берушілерді қолжетімді бағамен тиімді шешімдермен қамтамасыз ету себепші болады. Cisco құрылғыларының кеңдігі кез келген ауқымдағы және күрделілік деңгейдегі шешімдерді Cisco негізінде жобалауға мүмкіндік береді. Ол өзіне жетекші желілік технологиялар, архитектуралар мен операциялық жүйелерді қолдайтын желілік құрылғылардың толық спектрін қамтиды.

Алматы қаласында орталық офисі, өңірлерде бірнеше алыстатылған офистері бар “Dacu” АҚ бірлескен желісін құруда өңделіп жатқан жоба келесі талаптарға сай болуы қажет:

- On-line режимінде кәсіпорындағы барлық жұмыс орнының қамтылуы;
- қажетті транзакция жылдамдығымен қамсыз етуі;
- Интернет глобалды желісіне ортақ шлюзы бар тұтас ішкі IP-кеңістіктің болуы;
- тұтас ішкі телефондық нөмірлік жоспардың болуы;
- орталық офистен алыстатылған офистерге телефондық сыйымдылықты шығару мүмкіндігі;
- сыртқы қалааралық тілдесулердің VoIP провайдер желісі арқылы бағыттау.

Кіші кәсіпорындар, орта көлемдегі кәсіпорындар мен үлкен кәсіпорындардың филиалдары серіктес-кәсіпорындармен, оңтайлы қызметкерлермен және автономиялы офистермен байланысу үшін көптеген қосымшаларды қолданады. Бұл қауіпсіздік, өнімділік, масштабтылық және қолжетімділік аумағындағы желіге деген талаптарын қатайтады. Біздің мақсатымыз – сыни маңызды қосымшалармен жұмыс істеу кезінде бірдей өнімділік және қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету. Бұл бас офисте немесе филиалдарда болғандығына тәуелсіз, кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін арналған болуы тиіс. Заманауи кәсіпорындар қолданатын желілік қосымшалар күрделі және көпфункционалды болып бара жатыр. Ескі (мұраланған) бағдарламалар заманауи клиент-серверлерлік қосымшалар мен жаңа web-қосымшалармен қатар жұмыс істейді. Деректерді жіберу қосымшаларынан бастап (электрондық пошта және Интернетке қолжетімділік), дауысты жіберу құралдарымен аяқтап (IP-телефония) және видео (видиоконференциялар мен электрондық оқыту жүйелері), жалпы айтқанда заманауи коммуникациялық қосымшалардың толық спектрі де желілік инфрақұрылым негізінде жұмыс істейді. Желілік құрылғылардың есептеу

қорлары мен өткізетін қабілеттілігіне қосымша талаптарды басқару мен қауіпсіздікпен қамтамасыз ететін құралдар қояды. Сонымен қатар, филиалдарды, серіктес-кәсіпорындарды және қызметкерлерді бас офиспен аумақтық бөлінген желілерге (WAN) немесе виртуальдық жеке желілерге (VPN) қосу арқылы байланысын қамтамасыз ету қажет.

3.2 Cisco AVVID біріктірілген жүйесін құрудың архитектуралық үлгісі

Заманауи телекоммуникациялық желіні құру қолданылып жүрген және жоспарланған бизнес-қосымшалардың, сонымен қатар бірлескен телефонияның заманауи көпфункционалды жүйесін және видеоқосымшаларды енгізуді ұйымдастырылуының табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттілігімен тығыз байланысты. IP-телефония желісін құрудың шешімі AVVID архитектуралық үлгісінде қолданылуына негізделген және келесі негізгі міндеттерді шешу үшін тағайындалған:

- IP бірлескен желісінің негізінде цифрлық телефонияның заманауи көпфункционалды жүйесін құру;
- IP бірлескен телефония жүйесін ортақ қолдану телефондық желісіне қосу және кәсіпорынның қолданылып жүрген аумақтағы дәстүрлі телефондық желісімен түйісу;
- IP-телефония бірлескен желінің абоненті үшін заманауи сервистердің кең ауқымын қамсыздандыру.

Ұсынылып отырған шешім қосымша мүмкіндік ретінде IP-телефондық бірлескен жүйесімен тығыз пайдаланылатын видеотелефония желісін құрудағы тапсырманы шешуге жағдай туғызады. Cisco құрылғыларының көмегімен компанияның орталықтағы және алыстатылған офистердегі қызметкерлерді қамтитын IP-телефония желісін құруға болады. Архитектура мүмкіндіктерінің арқасында бұл шешім географиялық түрде бөлінген видеотелефония мен бірлескен телефония желісін техникалық және экономикалық түрде тиімді етіп құруға мүмкіндік береді.

Cisco Systems компаниясының деректер, видео, дауыс ықпалдастығымен жүйелердің архитектурасы төрт негізгі құрамдас бөліктерден тұрады:

1. Өзіне маршрутизаторларды, коммутаторларды, шлюздар мен басқа желілік құрылғыларды қосатын IP хаттамалары негізінде интеллектуалды желілік инфрақұрылым. IP инфрақұрылым қолданушылық қосымшаларды кейінгі ендіру үшін негіз болып табылады. Және қауіпсіздік, желілік басқару және қызмет көрсету сапасы механизмдерін (QoS) қолдауды қамтамасыз етуі қажет. Cisco AVVID архитектура шегінде интеллектуалды желілік инфрақұрылым бірлескен телефондық және видеотелефондық жүйелердің жұмыс істеуі үшін деректерді жіберумен қатар қолданылады.

2. IP хаттамаларының қолдауымен интеллектуалды клиенттік орындар. Сонымен қатар Cisco цифрлық IP телефоны, бизнес-міндеттерді шешу үшін арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасы бар дербес

компьютерлер, телефондардың бағдарламалық эмуляторлары (мысалы, Cisco IP SoftPhone), видеоклиенттер және т.б.

3. Қызметтік серверлік қосымшалар, сонымен қатар Cisco CallManager серверлері. Олар IP телефония бірлескен жүйесімен басқаруды қамтамасыз етеді.

4. Дауыс, видео және деректерді қолдаумен пайдаланылған жүйелердің дамуының арқасында пайда болған заманауи қолданушылық қосымшалар. Мысалы, хаттарды бірыңғай өңдейтін жүйе (Unified Messaging) немесе қоңырауларды өңдейтін интеллектуалды орталықтар. Осындай қосымшаларды ендіру бірлескен телекоммуникациялық желілердің қолданушылары/абоненттері үшін қосымша мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, жүйені қолданудың тиімділігі мен қолайлылығын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

3.2.1 Шешімнің құрамдас бөліктері

IP-телефония шешімі келесі негізгі құрамдас бөліктерден тұрады:

– Cisco CallManager басқарушы сервері жүйеде телефондық байланыстарды орнатумен басқаруды қамтамасыз етеді. CallManager де IP-телефондарды және видеокұрылғыларды қолданатын абоненттерге қосымша функцияларды ұсынумен басқарады. Сонымен қатар, желі әкімшісін IP телефония жүйесінің әр түрлі құрамдас бөліктерінің өзара әрекеттесуімен басқару және күйге келтіру үшін арналған құралдармен қамтамасыз етеді;

– мамандандырылған цифрлық IP-телефондар коммутацияланатын Ethernet 10/100 жергілікті желісіне қосылады және цифрлық телефондардың дәстүрлі функционалдығын, сонымен қатар, Cisco IP телефондарына тиесілі жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді;

– дауыстық шлюздар дәстүрлі телефондар пайдаланылатын жүйелермен түйіндесу үшін, сонымен қатар, алдында орнатылған УАТС MD-110 және ортақ қолдану телефондық желісіне қосылу. Бұл функционалдық Cisco 1760 және 2691 мультисервистік маршрутизаторларының негізінде жүзеге асырылған;

– абоненттік видеокұрылғылар - Cisco VT Advantage - Cisco USB қымбат емес камерасын және абоненттің Cisco IP телефонына қосылатын дербес компьютер үшін бағдарламалық қамтамасын қосады. CVTA абоненттік IP телефонның мүмкіндіктерін телефондық байланыс орнатылып жатқан кезде абонент ДК-не видео жіберу арқасында кеңейтуге мүмкіндік береді.

3.3 VoIP бірлескен жүйесінің желілерін құру сұлбасы

IP телефония жүйесін құру жүйесі тек орталық офис үшін IP телефония бірлескен сервистерін қамсыздандыратын бөлінген жүйе ретінде ғана емес, сонымен қатар IP бірлескен желісіне қосылған алыстатылған офистер үшін де көрсетілген.

Орталық офиста орналастырылған CallManager сервері телефондық байланыстарды орнықтыруды және IP бірлескен желісінің шегіндегі алыстатылған өкілдіктерде орналасқан телефондық аппараттардың жұмыс істеуімен басқарады. Мұндай архитектураның келесідей құндылықтары бар:

- алыстатылған өкілдіктер үшін телефонияны ендірудің тиімділігі мен қарапайымдылығы;
- орталық күйге келтіру мүмкіндігі мен телефондық жүйемен басқару мүмкіндігі;
- алыстатылған абоненттердің заманауи телефония сервистеріне қол жеткізуді ұымдастырудың қарапайымдылығы;
- IP телефония желісімен біріктірілген әр түрлі бөлімшелер арасындағы телефондық байланыстарды орнату үшін деректерді жіберу бірлескен желі ресурстарын қолдану мүмкіндігі. Мұнда әр түрлі бөлімшелер арасындағы қалааралық телефондық сөйлесулердің төлемін үнемдеу мүмкін және WAN каналдарын қолдану тиімділігін арттыру мүмкін;
- әрбір алыстатылған офис ішінде техникалық қызмет көрсетуді қолдайтын тәжірибелі персоналдың болуы қажет емес.

3.4 Cisco Catalyst интеллектуалды коммутаторлары

Жұмыс стансаларын маршрутизаторлар мен серверлерге қосу үшін жергілікті есептеу желісі құрылады (ЖЕЖ).

Cisco Catalyst интеллектуалды коммутаторлары жергілікті желіні ұйымдастыру үшін бірден бір мінсіз шешім. Коммутацияланатын модельдер де маршрутизаторларға орнатыла алады. Cisco коммутаторлары Power over Ethernet (PoE) технологиясының қолдауы Ethernet кабельдері арқылы электрқорегімен қамтасыз етеді.

Әр түрлі критерийлер негізінде Ethernet бірлескен коммутаторларының жіктелуіне бірнеше тәсілдер пайдаланылады:

- мақсатты қолдану аймағы;
- аппаратты форм-фактор;
- деректерді жылжыту тәсілдері;
- интерфейстер;
- өнімділік;
- коммутация кідірісі;
- хаттамалар;
- қызмет көрсету сапасы.

3.4.1 Коммутатор Cisco Catalyst 2960-24

Cisco Catalyst 2960 сериясы – бұл белгіленген пішім үйлесімді коммутаторлар сериясы. Оның кішігірім және орта мөлшердегі желілерде қолданушылар қосылу үшін арналған Fast Ethernet және Gigabit Ethernet интерфейстері бар.

Коммутаторлар блокаделанбайды, яғни арна жылдамдығы бойынша барлық порттардың бір уақытта жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Кішігірім және орта желілер үшін мінсіз шешім болып табылады.

IGMP Snooping хаттамасының көмегімен көпадресі (multicast) трафикпен басқару.

Масштабтылық пен жоғары қол жетімділікпен қамсыздандыру үшін функционалдық.

Поддержка резервного источника питания Cisco Redundant Power System 300 (RPS 300) резервтік қуат көзін қолдау [26].

К е с т е 3.4 – Cisco Catalyst коммутаторларының көрсеткіштері

Модель	Сипаттама
WS-C2960-24TC-L	Catalyst 2960 24 10/100 + 2T/SFP LAN Base Image
WS-C2960-24TT-L	Catalyst 2960 24 10/100 + 2 1000BT LAN Base Image
WS-C2960-48TC-L	Catalyst 2960 48 10/100 + 2 T/SFP LAN Base Image
WS-C2960-48TT-L	Catalyst 2960 48 10/100 Ports + 2 1000BT LAN Base Image
WS-C2960-8TC-L	Catalyst 2960 8 10/100 + 1 T/SFP LAN Base Image
WS-C2960G-24TC-L	Catalyst 2960 24 10/100/1000, 4 T/SFP LAN Base Image
WS-C2960G-48TC-L	Catalyst 2960 48 10/100/1000, 4 T/SFP LAN Base Image
WS-C2960G-8TC-L	Catalyst 2960 7 10/100/1000 + 1 T/SFP LAN Base

3.5 Тоқтаусыз қуат көзі

Активті желілі құрылғыны тоқтаусыз қуат көзімен қамтамасыз ету үшін Liebert UPStation GXT 10000VA сериясынан ИБП интеллектуалды, жоғары тиімділікті, "ON-LINE" режимінде жұмыс істейтін тоқтаусыз қуат көзін қолданамыз.

3.5-кестесінде ИБП негізгі эксплуатациялық сипаттамаларын келтірейік.

К е с т е 3.5 – ИБП негізгі эксплуатациялық сипаттамалары

Бренд	Liebert HIROSS
Модель	Liebert UPStation GXT 10000VA On-Line
Құрылғы типі	On-line UPS
Конструктивті орындау	Моноблок
Масштабтылық	Жоқ
Артылып қалу	Жоқ
Номиналды шығу қуаты, VA	10000
Номиналды шығу кернеуі, V	230

Шығыс кернеуінің фазы	1
Кіріс кернеуінің фазы	1
<i>Кесте 3.5-тің соңы</i>	
Номиналды кіру кернеуі, V	230
Штаттық электр қуат көзі кіріс кернеуінің диапазоны штатного источника электропитания АС, V	168-280
1	2
Кірістердің разъемы	1
Батарей типі	Қызмет көрсетілмейтін
Штаттық зарядты құрылғының номиналды зарядтау уақыты, h	7.0
Кенеттен электр қуат көзін өшіру мүмкіндігі	Бар
SNMP қолдауы	Бар
Бағдарламалық қамсыздандырумен басқарудың болуы	Бар
Web-интерфейс басқарушы	Бар
Шудың максимальды деңгейі, dB	65
Габаритті өлшемдер, mm	340x965x640
Салмақ, килограмм	187.00
Құны, теңге	167500

4 Тіршілік қауіпсіздігі

4.1 Өндірістік ғимараттағы еңбек шартын талдау

Бұл дипломдық жобада жергілікті жүйелердің ақпарат өңделуі мен оның жан-жақты жіберілуі түгелдей осы Cisco Systems басқаруымен орындалады. Жергілікті жүйелермен жұмыс істегенде компьютер негізгі рөл атқарады. Сондықтан, жұмысшылардың компьютермен жұмыс істеген кездегі еңбектің қауіпсіздігімен жұмысқа қабілеттілігін сақтауымыз қажет. Еңбек қорғау саласы бойынша бұл технологияға қатысты жасанды жарықтандырудың сипаттамалары мен әдістерін, түрлерін қысқаша сипаттап жазып, есеп жүзінде дәлелдеуге тырыстым. Адам ағзасы жұмыс жасағандағы шартты түрдегі негізгі фактор болып жарықтандыру болып табылады.

Қоршаған орта арқылы түсетін ақпараттың 90% көру мүшесі арқылы адам ағзасы алады. Еңбек қауіпсіздігі көзқарасы бойынша көру мүмкіндігі мен көруге арналған жайлылық адам ағзасы үшін өте маңызды болып табылады. Жақсы жарықтандырудың болмауы – еңбек шартының жағдайының жақсы болмауының кепілдігі. Жұмысшылардың еңбек жұмысы кезінде не құрылғылар арқылы қызмет көрсету кезіндегі қанағаттандырмайтын жарықтандыру немесе қателіктер, жарақаттану, жұмыс сапасы мен еңбек өнімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Өндіріс орындарын жарықтандыру географиялық ендікке байланысты, жыл мезгілі және тәулік, атмосфераның бұлттылығы мен мөлдірлігіне тәуелді. Тікелей күн көзі және көкжиектен түсетін жарықтандыруды табиғи жарықтандыру деп атаймыз; ал жасанды жарықтандыру деп электр көзінен түсетін жарықтандыруды атаймыз; шамасы бойынша жасанды жарықтандыру жетіспеген жағдайда жасанды жарықтандырумен толықтыратын жарықтандыруды біріктірілген жарықтандыру деп атаймыз.

Жұмыстың мақсаты – тапсырмаға байланысты жекелеген өндіріс бөлмесінің жасанды жарықтандырылуын орындап, есеп жүзінде дәлелдеу, E_{\min} қажетті жарық шамдарының санын анықтап нормаланған жарықтандыруды есептеу.

Алматы қаласында “Dacu” АҚ компаниясының ғимаратында орналасқан және сол ғимараттың ішінде құрылғыны орнату және оны басқару бөлмесі орналасқан. Айтылып жатқан ғимаратымыз төрт қабатты. Оның үшінші қабатында біздің бөлmemіз орналасқан.

Ол бөлменің өлшемдері: Ұзындығы $L = 10$ м, ені $B = 10$ м, биіктігі $H = 3$ м. Бөлме ішінде 6 жұмыс орны және 1 шкаф, екі терезе бар. Жұмыс орнында 6 жұмысшы жұмыс істейді. Жұмыс істеу уақыты аптасына 5 күн, 8 сағаттан.

Кесте 4.1 – Адам организмінің жұмыс категориясы бойынша энергия шығыны

Жұмыс категориясы	Категория	Адам организмінің энергия шығыны, Ккал/сағ.	Жұмыс сипаттамасы
Жеңіл физикалық жұмыс 1 а	1 а	138-172	Жұмыс отыру күйінде өтеді

Жабдық қауіптілігі жоғары бөлмеде орналасқан, себебі келесі белгілері бар:

- а) ауа температурасы 30°C дейін
- б) ылғалдылық 60% дейін
- в) тоқөткізгіш еденнің болуы

Кәсіпорындық ғимараттарды жарықтанудың жоғары болуы жұмыс жағдайына дұрыс әсерін тигізеді.

Авариялық жарықтану, жалпы жарықтанудан 5%-ға аз жарықтануды қамтамасыз етуі керек, бірақ ғимарат ішінде оның деңгейі 2 лк-тан аз болмауы тиіс.

Эвакуациялық жарықтану, адамның қауіпті деген өтетін жерлеріне орналасады, ол өтетін жолдардың еденінде, баспалдақтарда орналасады, оның деңгейі ғимарат ішінде 0,1 лк, ал ашық территорияда 0,2 лк болуы қажет.

Кесте 4.2 – Жарықтану нормасы

Жұмыс орны	Жарықтандыру беті, еденнен биіктігі	Жарықтану нормасы, лк		К _п , % артық емес
		Комбинациялық жарықтану	Жалпы жарықтану	
Машиналық зал	Г – 0,8	750	400	15
ЭЕМ эксплуатациялық зал	Г – 0,8	750	400	15
Техникалық қызмет көрсету залы	Г – 0,8	750	400	15
Ақпарат тасығыш құралдарды сақтау залы	–	–	300	20

Өрт сигнализациясы өрт жанғанын анықтай салысымен (көп не бұл жағдай түтін пайда болғанда, не түтіннің таралып кеткенінде жұмыс істейді, жалпы өрт сигнализациясы датчиктерінің үш түрі болады – жылу датчигі, түтін датчигі және құрама датчик, құрама датчиктердің барлық датчиктерден ерекшелігі –қолдануға ыңғайлы және жанжақты) күзет қызметіне сигнал береді және сол уақытта өрт сереналары жұмысын бастау керек.

Өлшеу құрылғысы температураның өскенін анықтаса, онда сигнал беру құрылғысы дыбыстың немесе жарықтың сигнал беруін қамтамасыз етеді және орындаушы органдардың электрлік тізбегін қосады. Орындаушы органдар тиісті механизмдерді шақырып олардың жұмыс істеуіне бұйрық береді. Осы жерде қолданылатын түтін және жылу детекторларының түрлері көрсетілген, сонымен қатар өрт қауіпсіздігінің автоматты реттегіштері көрсетілген. Олар автотұрақ параметрлеріне сәйкес келеді және операторға өрт жайлы заманауи талаптарға сай мәлімет беріп отырады.

Өрт сөндіргішпен жұмыс істеу барысында баллонды көлденең жағдайға бұруға болмайды, өйткені бұл кезде сифонды құбыр арқылы көмір қышқылдың шығуы бұзылады.

Қазіргі уақытта құрғақ ұнтақтармен толтырылған ұнтақты өрт сөндіргіштер көп таралған. Олар өрт аумағына түсіп, отты сөндіретін зат бөледі.

Ұнтақты өрт сөндіргіштер тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтардың, газдардың, ағаш өнімдерінің, тоқ қысымында тұрған электр сымдардың, сілтілі металдар мен өздігінен жану қасиеті бар басқа да заттардың жануын сөндіру үшін қолданылады.

Бағдарламалаушының жұмысы электр аспаптарымен тікелей байланысты болғандықтан, оларды дұрыс пайдаланып, электр тоғынан зақымданудан қорғаныс шараларын сақтау керек.

Электр тоғынан сақтанудың бірнеше шаралары бар. Солардың бірі – қорғаныштық жерге қосу. Қорғаныштық жерге қосу – электрді жермен немесе оның металдық тоқ өткізбейтін бөлігінің эквивалентімен арнайы тұйықтау.

Қорғаныштық жерге қосудың тағайындалуы – корпусқа немесе электр құрылғыларының басқа да тоқ өткізетін бөліктеріне жақындаған жағдайда тоқпен зақымданудың қауіптілігін жояды. Қорғаныштық жерге қосу әрекетінің принципі – корпусқа не басқа себептерге қысқа тұйықталуымен анықталған қадамның және жақындау кернеуінің қауіпсіз мәніне дейін төмендетеді.

Қорғаныс құралдары шартты түрде 3 топқа бөлінуі мүмкін: изоляциялайтын, қоршайтын және алдын ала қорғайтын. Изоляциялайтын – адамды тоқ өткізетін немесе жерге қосылған бөліктерден және жерден изоляциялайды.

Электр тоғымен зақымданудан сақтану шарасының бірі – нөлдеу. Нөлдеу – металдық тоқ өткізбейтін бөліктің нөлдік қорғаныштық өткізгішімен арнайы электрлік қосылуы. Бұл әдіс электрлік сымның оқшаулағышы зақымданған кезде қорғаныш қызметін атқарады.

Нөлдеуді 1кВ дейінгі желіде орындаған жөн. Желі жабық жерге қосылған нейтрал немесе жабық жерге қосылған бір фазалы тоқты шығаруы бар болуы керек. Сонымен қатар жабық жерге қосылған 380 В айнымалы ток, 440 В тұрақты ток кернеуі бар үш өтімді желіде орта нүктелі болуы керек. 42 В айнымалы және 110 В тұрақты ток кернеуінде құрылғының металл қаптамасын және кабель мен сымдардың оқшаулағышын нөлдеуді міндетті түрде орындау керек.

Нөлдеу мақсаты – қысқа тұйықталу кезінде барлық электр құрылғыларын желіден тез ажырату. Авария кезінде адамның техника корпусына жақындауының қауіпсіздігімен қамсыздандыру.

Жоғарыда талданған нөлденуді орындау есебі келесі факторларды талдауды талап етеді: нөлдену кезіндегі электрондық құралдардың өшу ерекшеліктерін тексеру; адамды электр тоғымен зақымдау мүмкіндігін бағалау.

Жарылыс қаупі бар кез келген кластағы орындар міндетті түрде нөлдеуді орындауды қажет етеді. Барлық айнымалы және тұрақты токпен қызмет атқаратын электрлік аспаптармен нөлдеуді орындау қажет.

Электр аспаптарының нөлдеуді керек ететін бөліктер: электр құрылғыларының қабы; трансформаторлар; жарықтандыру құрылғысы; желдету және кондиционерлеу құралдары; электрлік құрылғылардың байланыс бөліктері; барлық металл құрылымдары; барлық кабельдер; стендтер; электр қабылдағыштар; электр механизмдері.

Шу адам ағзасына зиянды әсерін тигізе отырып, жұмыс жағдайын нашарлатады. Адамға шу ұзақ уақыт әсер еткен кезде жағымсыз жағдайлар туындайды: көз көру, есту қабілеті нашарлайды, қан қысымы көтеріліп, көңіл бөлу нашарлай түседі. Қатты ұзақ шу жүрек-қан қысымы мен жүйке жүйесі қызметінің бұзылуына әсер етеді.

Жұмыс орнындағы шу көзі болып техникалық құралдар табылады. Олар: компьютерлер, серверлер, желдеткіш қондырғылар, сонымен қатар сыртқы шу. Тәжірибеде шамасы 20-30 дБ шу зиянсыз деп есептеледі, ең жоғары шу мөлшері 80 дБ-ден аспауы тиіс. Ал 130 дБ-ге жеткен кезде адам жайсыз сезінеді.

Шу деңгейін шу өлшегіштермен бақылайды. Ал қарапайым жағдайда сөйлеушіден 1,5 м жерде тұрып тыңдағанда сөзі анық естілетін-естілмейтіндігін тексереді. Қазақстан өкіметінің территориясында қабылданған регламент бойынша аурухана мен санаторийларда 35 дБ, тұрғын үй махаллалары, класс бөлмелері және оқу аудиториялары үшін – 40 дБ, стадиондар мен вокзалдар үшін – 60 дБ. Сонымен бірге транспорт құралдары үшін сыртқы шудың шекті нормасы белгіленген – 82-85 дБ. Бөлмедегі шуды азайту үшін шу көзін жауып, қашықтатып отыруға болады. Шуды көп бөлетін технологиялық құрылғыларды айырбастау мүмкін болмағанда дыбыс шағылғыштар, дыбыс тұтқыштар қолданылады. Мысалы, төбені және қабырғаны дыбыс жұтатын затпен қаптап тастаса, шу деңгейін 6-10 дБ төмендетуге болады. Шудың зиянды әсерінен қорғайтын жеке сақтық құралдары да бар.

МЕСТ 12.2.003-76 сәйкес жұмыс орнында және одан тыс жерде пайда болатын шудан қорғану үшін келесі әдістерді қолдану қажет:

- шу шығатын көздерде оны азайту;
- ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын қолдану;
- жұмыс бөлмелерін ұтымды жоспарлау және акустикалық өңдеуден өткізу.

Есептеу орталықтарының өндірістік бөлмелерінде пайда болатын шу көздерін азайту үшін қоршайтын конструкциялардағы дыбысты оқшаулауды арттыра отырып қол жеткізуге болады.

Қызмет көрсетушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стансаның қызметкерлеріне әсер ететін барлық мүмкін факторларды талдау қажет. Жұмыс бөлмесінің бір жақтық екі терезе ретіндегі әрқайсысы 1,1 м табиғи жарықтандыруы бар. Бөлмеде ЛД20-2 типті 9 шам орналасқан әрқайсысының жарық ағыны 920 лм, ал қуаттары 20 Вт.


Қаралып жатқан бөлмеде жұмыс істеуге қажетті жарықтандыру қалып бойынша $E_n = 200$ лк, осылайша бөлмедегі қажетті жарықтандыруды қамтамасыз етеміз.

Бөлмеде құрылғылардың жұмысын жүзеге асыру үшін 6 дербес компьютер қолданылады.

Құрылғының техникалық көрсеткіштері:

- дербес компьютер Intel Pentium 4 2400 MHz/Asus P4S533 MX (SIS751+SB+VGA)/512MB DDR/80 Gb SATA Seagate/FDD/SP/CD;
- монитор 17" LG LI720 0.26dpi;
- пішіні: 1200x750x1150 (дербес компьютер + стол);
- электрқоректенуі – айнымалы тоқ 220-250 В, жиілігі 60 Гц, қуаты 400 Вт;

МЕСТ 12.1.005–88 стандартына байланысты ССБТ "Жұмыс аумағының ауасы, жалпы санитарлық гигиеналық талаптар", бөлмедегі жұмысшылардың жұмыс істеу категориясы 1а жеңіл физикалық жұмыс категориясына жатады, өйткені құрылғыны аралықтан компьютер арқылы басқару болады. Адам организміне жұмыс категориясы бойынша энергия шығару 3.1-кестеде ұсынылған.



Сурет 4.1 – Бөлме жоспары: 1- шкаф; 2 – компьютер; 3 – терезе; 4 – есік; 5-өрт сөндіру құралы.

4.2 Жарықтың көзін таңдау

Жасанды жарық үшін қызу және газоразрядтық шамдар қолданылады. Жалпы жұмыстық қыздыру шамдардың типтерін белгілеу шартындағы келесі әріптер мынаны білдіреді: В-вакумдық, Г-газбен толтырылған, Б-биспиральдық, БК-биспиральдық криптондық. Шамдардың жарықтық ағымдары, жалпы жұмыстық қыздырушылық және олардың қуаты 4.3-кестеде келтірілген.

К е с т е 4.3 – Қыздырушылық шамның қуаты мен жарықтық ағым

Шамның типі	Қуат Вт	220	200-235	Шамның типі	Қуат Вт	200	200-235
		кернеуіндегі жарықтық ағым				кернеуіндегі жарықтық ағым	
В	15	105	85	Б	150	2100	1840
В	25	220	190	Г	200	2800	-
Б	40	400	300	Б	200	2920	2540
БК	40	460	-	Г	300	4600	4000
Б	60	716	550	Г	500	8300	7200
БК	60	790	-	Г	750	13100	-
Б	100	1350	1090	Г	1000	18600	-
БК	100	1450	-	Г	1500	2900	-
Г	150	2000	-				

Кіші қысымды газоразрядтық шамдар ең үнемді болып саналады (ЛД, ЛДЦ, ЛХБ және т.б.). Газоразрядтық шамдардың кейбір техникалық сипаттамалары 4.4 кестеде келтірілген.

Кесте 4.4 – Кіші қысымды газоразрядтық шамдардың кейбір сипаттамалары

Номиналды қуат, Вт	НОМИНАЛДЫ ЖАРЫҚТЫҚ АҒЫМ ЛМ., ШАМДАР ТИПІ					Шамның өлшемі, мм.	
	ЛДЦ	ЛД	ЛХБ	ЛТБ	ДБ	Диаметр	Штырьдың ұзындығы
15	500	590	675	700	760	27	451,6
20	820	920	935	975	1060	40	604,0
30	1450	1640	1720	1720	2100	27	908,8
40	2100	2340	3000	3000	3120	40	1213,6
65	3050	3570	3820	3980	4650	40	1514,2
80	3740	4070	4440	4440	5220	40	1514,2

4.3 Жасанды жарықтандыруды есептеу

Жарықтандыру табиғи және жасанды болуы мүмкін. Жасанды жарықтандыру екі жүйелі болуы мүмкін: жалпы және аралас. Аралас жарықтандыру кезінде жалпыға жергілікті жарықтандыру қосылады. (Мананбаева С.Е.)

Жасанды жарықтандыруды есептеу үшін пайдалану коэффициенті және нүктелік әдістер қолданылады. Пайдалану коэффициенті әдісі үлкен көлеңке түсіретін заттар болмаған жағдайда біркелкі горизонталь беттердегі жарықтандыруды есептеуге арналған. Бұл әдіс арқылы η коэффициентінің мәні анықталады. Ол есептелінетін бетке түсетін жарық ағынының жарықтандыру құралының толық ағынына қатынасы болып табылады.

Біздің есептейтін бөлменің өлшемдері:

- габариттері: 10x10x3;
- шағылу коэффициенттері – $\rho_{\text{төбе}} = 70\%$, $\rho_{\text{қабырға}} = 50\%$, $\rho_{\text{еден}} = 30\%$;
- жарықтандырудың бірқалыпсыздық коэффициенті $\lambda = 1.1 \div 1.2$;
- еденнен жұмыс орнына дейінгі биіктік: $h_{\text{еден}} = 0.8$ м.

Нормаланған жарық қабырғалары, төбесі әктелген, терезелері жабылмаған бөлме үшін $E=200$ лк. Жарықтандыру жүйесіне люминесцентті ЛД шамдарын қолданамыз, оның қуаты 20 Вт, ал жарықтық ағыны 920 лм. Таңдап алынған шырақ түрі – ЛД20-2, оның ұзындығы 604 мм, диаметрі 40 мм.

Ілінудің есептік ұзындығын анықтаймыз. Жұмыс орнының еденнен биіктігі $h_{\text{еден}} = 0.8$ м, ал шамның іліну биіктігі $h_{\text{іліну}} = 0.2$ м болғандықтан, ол келесі шамаға тең:

$$h = h - (h_{\text{еден}} + h_{\text{іліну}}), \quad (4.1)$$

$$h = 3 - (0.8 + 0.1) = 2.1 \text{ м}$$

Шырақтар арасындағы ең қолайлы қашықтық төмендегі өрнекпен анықталады:

$$z = \lambda \cdot h, \quad (4.2)$$

$$z = 1.3 \cdot 2.1 = 2,8 \text{ м.}$$

Шырақтардың қатарлар санын санайық:

$$n = \frac{B}{L}, \quad (4.3)$$

мұнда B – бөлме ені, $B = 10\text{м}$;

L – шырақтар арасындағы қашықтық, $L = 2,8 \text{ м}$.

Сәйкесінше шырақтар үш қатарда орналасады.

Бөлмеге 3 қатар шырақ орнатамыз, қатарларының ара қашықтығы $2,8 \text{ м}$, ал қабырға мен шырақтар арасындағы қашықтық $1,3 \text{ м}$.

Бөлме индексін анықтаймыз:

$$i = \frac{S}{h(A + B)} \quad (4.4)$$

мұндағы: A – бөлме ұзындығы;

B – бөлменің ені;

$S = A \cdot B = 100 \text{ м}^2$ – ауданы.

$$i = \frac{100}{2(10 + 10)} = 2,5$$

Кесте бойынша пайдалану коэффициенті $\eta = 55\%$, қор коэффициенті

$K_k = 1,5$.

Қажетті шамдар санын анықтаймыз:

$$N = \frac{E \cdot K_s \cdot S \cdot Z}{n \cdot \Phi_n \cdot \eta}, \quad (4.5)$$

мұндағы E – берілген жарықтық;


K_k – қор коэффициенті;

S – бөлменің ауданы, м^2 ;

Z – жарықтандырудың бірқалыпсыздық коэффициенті.

$$N = \frac{200 \cdot 1,7 \cdot 100 \cdot 1,1}{2 \cdot 3570 \cdot 0,55} = 9 \text{ шам.}$$

Әр қатарға шам орнатылады, олардың арасындағы қашықтық (шамның ұзындығын ескереміз) 2,8м, ал қабырға мен шырақтар арасындағы қашықтық 1,3 м. Шамдардың бөлме ішінде орналасу сұлбасы сурет 4.2-те келтірілген.



Сурет 4.2 – Жасанды жарықтандыру сұлбасы

Нормаланған 200 лк жарықтандыруды қамтамасыз ету үшін қуаты 20 Вт болатын ЛД20-2 типті 9 шам қажет. ЛД20-2 типті шамдар қажетті есептелінген жарық ағынын (920 лм) қамтамасыз етеді. Өзге шамдарға қарағанда құрылымы мен сыртқы көрінісі желінің номиналды кернеуіне (220В) және бөлме ішіндегі қоршаған орта шарттарын орындай алады. Бұл түрдегі шамның пайдалы әсер коэффициенті 85%-ке тең.

4.4 Меншікті қуат әдісімен жарықтандыруды есептеу

Меншікті қуат әдісімен жарықтандыруды шешудің маңызы, шырақтардың түрі мен оны орнатудың орнына байланысты, жұмыс бетінен ілгіштің биіктігі, горизонтальды беттегі жарықтандыру мен бөлменің ауданымен меншікті қуат мәні анықталаумен қорытындыланады.

ЛДР шырақтарын орнатуды қабылдаймыз және параллель 3 қатарға үш-үштен орналыстырамыз.

$$N = 3 \cdot 3 = 9 \text{ дана} \quad (4.6)$$

Шырақтың меншікті қуаты $\omega = 12 \text{ Вт/м}^2$.

Бір шырақтың қуаты:

$$\rho = \frac{\omega \cdot S}{N} = \frac{12 \cdot 100}{9} = 133 \text{ Вт.} \quad (4.7)$$

9 шырақ орнатамыз. Әр шамның қуаты:

$$\rho_g = \frac{133}{2} = 66 \text{ Вт}$$

Сәйкесінше, екі әдіспен келтірілген есептер негізінде тоғыз шырақты таңдап аламыз, олардың әрқайсысы 66 Вт екі шамнан тұрады.

4.5 Вентиляцияны есептеу

Ауаны жасанды кондиционерлеудің талаптары өнеркәсіптің әр түрлі салаларындағы технологиялық процестерді жүргізуде, сондай-ақ компьютерлік жабдықтың, басқа құралдар мен аспаптардың және тағы басқа жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ауа ортасының белгілі бір параметрлерін өндірістік нормаға сай сақтауға негізделеді. Бастапқы өзінің пайдалану аясының тағайыны бойынша кондиционер жүйесі қолайлы және технологиялық болып бөлінеді. (Баклашов Н.И. «Охрана труда на предприятии связи»)

Аумағы 15-тен 140 м² дейінгі тұрғын және қоғамдық бөлмелерде сплит-жүйе кондиционерлерін пайдалану кең таралған. Олар сыртқы блоктан (компрессорлы-конденсаторлы) және ішкі блоктан (буландырғыш) тұрады. Сыртқы блок ғимарат қабырғасына, шатырға немесе шатыр астына, қосалқы бөлмеге, балконға, яғни ыстық конденсатор төменірек температурасы бар атмосфера ауасымен салқындатылатын жерге орнатылады.

Кондиционерді таңдау үшін алдымен артық жылудың қосындысын, сонымен қатар оған күннің радиациясынан бөлінетін жылу кіреді, өндірістік жарықтануды, жұмыс істейтін адамдар санын, электр техникасы және басқаларын есептеу қажет. Салқын өндіргіштік бойынша қосындысы сондай немесе үлкен мәнді, сонымен қатар қажетті ауа алмасу қамтамасыз ететін кондиционер моделі таңдалады.

Жылы немесе суық ауа райы кезінде, жұмыс жасап отырған адамға кедергі келтірмейтіндей, жылыту жүйесі және кондиционерлеу жүйесі орнатылуы тиісті. Жұмыс орнында микроклиматты белгілі деңгейге ауысуымен бірге тұрақты ұстауды ұсынады. Ауа температурасы бөлмеде адам денесіне қолайлы температурадан 5 градустан жоғары температураға ажырауын болдырмау керек. Вентиляция жүйесінің характеристикасын сипаттайтын басты параметрлер, еселік ауа алмасуы – ол ауаның бөлмеде қанша рет алмасқаны.

Ауа алмасуының еселегін 2000x2000 мм екі терезесі бар бөлмені есептейік. Бөлмеде екі адам жұмыс істейді. 4.5-кестедегі көрсетілген электр жабдықтарды қолданамыз.

К е с т е 4.5 – Қолданылатын электр жабдықтар

Атауы	Саны (дана)	Қолданылатын қуат, Вт
Дербес компьютер	2	600
Тоқтаусыз қоректендіру көзі	2	700

Ауа алмасуының еселегін келесі формула бойынша есептейміз:

$$K = \pm \frac{V_{\text{вент}}}{V_{\text{бл}}} \quad (4.8)$$

мұндағы $V_{\text{вент}}$ – бөлмеге берілетін ауа көлемі, м³;

$V_{\text{бл}}$ – бөлме көлемі, м³.

Ауысуға керекті ауа көлемін $V_{\text{вент}}$ жылулық тепе-теңдік балансы арқылы анықтаймыз.

$$V_{\text{вент}} = \frac{3600 \cdot Q_{\text{аж}}}{C \cdot (t_{\text{кт}} - t_{\text{кл}}) \cdot Y} \quad (4.9)$$

мұндағы $Q_{\text{аж}}$ – артық жылу, Вт;

$C = 1000$ – ауаның сыбағалы жылуөткізгіштілігі, Дж/кг·К;

$Y = 1.2$ – ауаның тығыздығы, кг/м³.

Тыс кететін ауаның температурасы мына формула бойынша есептелінеді:

$$t_{\text{кт}} = t_{\text{км}} + (H - 2) \cdot t \quad (4.10)$$

мұндағы t – бөлменің 1 метр биікке температураның өзгеруі, 1 ден 5 градусқа дейін мәндерін алады;

$t_{\text{км}}$ – жұмыс орындағы температурасы, 23 градусқа тең;

H – бөлменің биіктігі, 3 метрге тең;

$t_{\text{кл}}$ – келетін ауаның температурасы, 18 градусқа тең.

4.10-формула бойынша кететін ауаның температурасы мынаған тең:

$$T_{\text{кт}} = 23 + (3 - 2) \cdot 2 = 25.$$

Артық жылуды мына формула бойынша есептейміз:

$$Q_{\text{аж}} = Q_{\text{аж1}} + Q_{\text{аж2}} + Q_{\text{аж3}} \quad (4.11)$$

мұндағы $Q_{\text{аж1}}$ – электр жабдықтардан және жарықтандырудан артық жылу, Вт;

$Q_{\text{аж2}}$ – күннің сәулесінен келген жылу, Вт;

$Q_{аж3}$ – адамның жылу беруі, Вт.

Электр жабдықтардан және жарықтандырудан артық жылу мына формула бойынша есептелінеді:

$$Q_{аж1} = E \cdot P \quad (4.12)$$

мұндағы E – жылу бұру энергиясының шығын коэффициенті;

P – электр жабдықтарының қуаты, Вт.

Электр энергияның шығын коэффициенті келесі мәндерді қабылдайды:

$E=0.55$ жарықтандыру үшін;

$E=0.4$ дербес компьютер үшін.

Келесі формула бойынша жарықтандырудың және электр жабдықтарының жалпы қуатын есептейміз:

$$P = P_{\text{дана}} K \quad (4.13)$$

мұнда $P_{\text{дана}}$ – бір дана жабдықтың қуат өлшемі, Вт;

K – жабдықтардың дана саны.

Сөйтіп, 4.13-формула бойынша:

$$P_{\text{жарықтандыру}} = 200 \cdot 8 = 1600 \text{ Вт},$$

$$P_{\text{компьютеры және т.б.}} = 600 \cdot 8 + 700 \cdot 8 = 10400 \text{ Вт}.$$

4.12- формула бойынша электр жабдықтардан және жарықтандырудан артық жылуды есептейміз:

$$Q_{аж1} = 0.55 \cdot 1600 + 0,4 \cdot 10400 = 5040 \text{ Вт}.$$

Жасанды жарықтандырудан артық жылу келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{аж3} = m \cdot S \cdot k \cdot Q_T \quad (4.14)$$

мұндағы m – терезе саны;

S – бір терезенің ауданы, м²;

k - әйнектеуді ескеретін коэффициент. Екі қабатты әйнектеудің коэффициенті – $k = 0.8$;

Q_T – терезеден жылу келіуі 127 Вт/м тең.

4.14-формула бойынша жасанды жарықтандырудан артық жылуды есептейміз:

$$Q_{аж2} = 3 \cdot 2 \cdot 0.8 \cdot 127 = 610 \text{ Вт}.$$

Адамның жылу беруін келесі формула бойынша есептейміз:

$$Q_{ажз} = n \cdot q \quad (4.15)$$

мұндағы q – бір адамның жылу бөлгіштігі, 80 Вт/ад тең;

n – адам саны, 8-ге тең.

4.15-формула бойынша адамның жылу беруін есептейміз:

$$Q_{ажз} = 8 \cdot 80 = 640 \text{ Вт.}$$

4.9-формула бойынша артық жылуды есептейміз:

$$Q_{аж} = 5040 + 610 + 640 = 6290 \text{ Вт.}$$

Сөйтіп, 4.16-формула бойынша ауысуға керекті ауа көлемін есептейміз:

$$V_{вент} = \frac{3600 \cdot 6290}{1000 \cdot (25 - 18) \cdot 1,2} = 2695,71$$

Демек, қолайлы шарттар жасау үшін ауаның кондиционерлеуін ұйымдастыруды жүзеге асыру керек. Бөлменің сыртындағы және ішіндегі ауаның өзгеруіне қармастан белгілі бір нұсқаулық шарт бойынша (берілген температура, ылғалдылық, ауаның ауысуы) тұрақты түрде ауаны сақтандыруды айтады.

4.6 Қорытынды

Бакалавриаттық жұмысыма тапсырма ретінде қойылған кешенді желі құруға арналған құрылымды моделдеп, ол арқылы сәйкесті локальды жүйе құру мәселесі жүзеге асырылды.

Құрылған мультисервисті корпоративті желіні бірыңғай жүйеге қойып, жұмыстың бағдарламалау мүмкіндігі зерттелді.

Жергілікті желі қалааралық, халықаралық қоңыраулар мен шабармандық қызметтерге шығынды барынша үнемдейді.

Жаңа желілік инфрақұрылым құру үшін D-link коммуникациялық құрылғыны Cisco Systems құрылғысына ауыстырып ие болады, ол заманауи мультисервисті желіні икемді, сенімді құруын қамтамасыз етеді.

Қызмет көрсетушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стансаның қызметкерлеріне әсер ететін барлық мүмкін факторларға талдау жасалды. Жұмыс бөлмесінің бір жақтық екі терезе ретіндегі әрқайсысы 1,1 м табиғи жарықтандыруы бар екені анықталды. Бөлмеде ЛД20-2 типті 9 шам орналасып, әрқайсысының жарық ағыны 920 лм, ал қуаттары 20 Вт-қа тең болды.

Меншікті қуат әдісімен жарықтандыруды шешудің маңызы, шырақтардың түрі мен оны орнатудың орнына байланысты, жұмыс бетінен ілгіштің биіктігі, горизонтальды беттегі жарықтандыру, бөлменің ауданы мен меншікті қуат мәнінің анықталуымен қорытындыланады.

Есептеу нәтижесі бойынша, бөлмеде қажетті ауа ауысу мөлшерімен қамсыздандыру үшін $L=145,9 \text{ м}^3/\text{сағ}$ байланысты бір кондиционер қоюымыз жеткілікті, ол Samsung сериясы HA85 максимальды ауаның шығыны $195 \text{ м}^3/\text{сағ}$, модель R22.

Маңызды мәселелердің бірі, кондиционерді таңдау үшін алдымен артық жылудың қосындысын, сонымен қатар оған күннің радиациясынан бөлінетін жылуды, өндірістік жарықтандыруды, жұмыс істейтін адамдар санын, оргтехникаларды есептеу қажет. Есептеу барысында жылы мезгіл үшін: $Q_{\text{коршау}} = 191 \text{ Вт}$ тең болса, салқын мезгілде - 2381 Вт сәйкес келді. Осы мәлеметтерге сүйене отырып, оператор бөлмесінің персоналы артық жылулық сәулеленуге шалдығатындығын көреміз. Бөлмеге қажетті ауа мөлшері $L = 1698 \text{ м}^3/\text{сағ} = 28,3 \text{ м}^3/\text{мин}$. Осы талаптарды толық қанағаттандыратын кондиционер таңдалып орнатылды.

Нөлдеу есебінің қорытындысы бойынша жаңадан орнатылған кондиционер жедел әрекет ететін механизмге қосылды. Жерге қосу адам тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды, сондықтан жерге қосуда орындалды.

5 Бизнес-жоспар

5.1 Түйіндеме

Бұл жобада “Dacu” АҚ бірлескен желісінің бөлінген құрылымын Cisco компания өндірісінің құрылғылары негізінде қарастырамыз. Бұл өндірушіні таңдауға тапсырыс берушілерді қолжетімді бағамен тиімді шешімдермен қамтамасыз ету себепші болады. Cisco құрылғыларының кендігі кез келген ауқымдағы және күрделілік деңгейдегі шешімдерді Cisco негізінде жобалауға мүмкіндік береді. Ол өзіне жетекші желілік технологиялар, архитектуралар мен операциялық жүйелерді қолдайтын желілік құрылғылардың толық спектрін қамтиды.

Жүргізілген есептер бойынша берілген өтелімділік мерзімі 1,3 жылды құрайды. Төменде көрсетілген қаржы-экономикалық дәлелдемелерге негізделі, қорыта келгенде, бұл жоба экономикалық пайдалы және тиімді деуге болады. Себебі өтелімділік мерзімі дисконттауды есепке алғанда берілген мерзімнен аспайды: $1,3 \text{ жыл} < 5 \text{ жыл}$.

5.2 Компания және сала

Бұл жобаны іске асыру кезінде телекоммуникациялық нарықтың, абоненттік қордың кеңеюіне және қоғам табысының ұлғаюына әкеледі.

Кәсіпорынның бірлескен желілерін өңдеуді оңтайландыру мен ақпараттық ағымдарын үлестіру қажеттілігінің тууы нәтижесінде жобалау қажеттігі туды.

5.3 Қызметтің сипаттамасы

Бизнес үшін заманауи кәсіпорынның желісі ең талап етілетін қосымшалар мен басқарылатын сервистер қатарын қолдауы керек. Бірінші кезекте бұл:

- Интернет желісіне жоғары жылдамдықты қолжетімділік мүмкіндігі;
- жеке виртуальдық желілерді құру (VPN);
- IP үстінен дауыс жіберу;
- видеоконференциялар өткізу;
- ақпараттарды қорғау.

5.4 Менеджмент

Алматы қаласында орталық офисі, өңірлерде бірнеше алыстатылған офистері бар “Dacu” АҚ бірлескен желісін құруда өңделіп жатқан жоба келесі талаптарға сай:

- On-line режимінде кәсіпорындағы барлық жұмыс орнының қамтылуы;
- қажетті транзакция жылдамдығымен қамсыз етуі;

- Интернет глобалды желісіне ортақ шлюзы бар тұтас ішкі IP-кеңістіктің болуы;
- тұтас ішкі телефондық нөмірлік жоспардың болуы;
- орталық офистен алыстатылған офистерге телефондық сыйымдылықты шығару мүмкіндігі;
- сыртқы қалааралық тілдесулердің VoIP провайдер желісі арқылы бағыттау;

5.5 Маркетинг

Сымды, сымсыз немесе спутниктік жүйелермен салыстырғанда РРЛ желілері операторлаға және сервис-провайдерлеріне экономикалық тиімділікті тек жаңа қолданушыларды қамтып қана емес, сонымен қатар, бар қолданушылар үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялар спектрін кеңейтуге мүмкіндік беруі керек.

Сымсыз технологиялар икемді болып келеді және жазылу кезінде қарапайым, себебі қажеттілік бойынша масштабтала алады.

Орнатудың қарапайымдылығы дамып жатқан, аз қоныстандырылған немесе алыстатылған аймақтардағы елдердегі желілерді жазуға кеткен шығындарды азайту факторы.

К е с т е 5.1 – Бағдарламаның маркетинг-микс кестесі

Маркетинг-микс элементтері	Қажетті істер мен талдаулар
Product	
“Dacu” АҚ-да Cisco компания өндірісінің құрылғылары негізінде бірлескен желі құру	Жоспар бойынша бірнеше компоненттер пайдаланылады: 1 Компания техникалық өнімі; 2 Cisco Traser бағдарламасында желіні байланыстыру
Price	
Базалық бағасы	Техникалық құралдың түріне қарай бағдарламалық қамтаманың бағасы анықталады.
Promotion	
	Жарнама жоқ, сатылым тек тапсырыс бойынша
Place	
“Dacu” АҚ	Осы компания типті мекемелерде

5.6 Қаржылық жоспар

Қаржы салумын есептеу

Қаржы салумын анықтау, K_{Σ}

$$K_{\Sigma} = K_O + K_M + K_{TP} + K_{IP} \quad (5.1)$$

мұндағы: K_O – негізгі құрылғыны сатып алу үшін қаржы салымы;

K_M – құрылғыны монтаждауға кеткен шығындар;

K_{TP} – көлік шығындары;

K_{IP} – жобалауға кеткен шығындар

Құрылғыны сатып алу үшін шығындарды есептеу

К е с т е 5.2 – Жобаны жүзеге асыру үшін құрылғыны сатып алу шығындарының қаржы жоспары [4].

Аты	Құны, теңге
PPC құрылғысы, 2 дана	16 750 500
Пассивті құрылғы	862 500
Электрқұрылғы	300 000
Клиенттік құрылғы РРЛ СРЕ (100 портты)	17 883 000
ІАД ықпалданған рұқсатты құрылғы (10 шт)	10 608 750
ЦРРЛ құрылғысы (ұзындығы 28 км)	3 126 250
ЗИП	494 550
Маршрутизатор, 2 дана	910 500
Барлығы:	50 936 050

Көлік шығындары құрылғының жалпы бағасының 3%-ын құрайды.

$$K_{TP} = 0,03 \cdot K_O = 0,03 \cdot 50936050 = 1528081,5 \text{ теңге}$$

Құрылғыны монтаждау, жөндеу «Қазақтелеком» АҚ монтаждаушыларымен жүзеге асырылады, шығындар құрылғының жалпы бағасының 1%-ын құрайды.

$$K_M = 0,01 \cdot K_O = 0,01 \cdot 50936050 = 509360,5 \text{ теңге}$$

Жобаны өңдеу мен жобалау шығындары құрылғының жалпы бағасының 0,5%-ын құрайды.

$$K_{IP} = 0,005 \cdot K_O = 0,005 \cdot 50936050 = 254680,25 \text{ теңге}$$

Жобаны жүзеге асыру бойынша қаржы салымдарының жалпы соммасы:

$$K_{\Sigma} = 50936050 + 1528081,5 + 509360,5 + 254680,25 = 53228172,25 \text{ теңге}$$

Эксплуатациялық шығындар

Берілген байланыс жүйесінің эксплуатациясына кеткен ағымдағы шығындар:

$$\mathcal{E}_p = \Phi OT + O_c + A_o + \mathcal{E} + H + M \quad (5.2)$$

мұндағы ΦOT – еңбекақы қоры;

O_c – әлеуметтік қажеттіліктер аударымдары;

A_o – амортизациялық аударымдар;

\mathcal{E} – өндіруге қажетті электроэнергия;

H – үстеме шығыстар;

M – жұмсауға кеткен материалдар шығындары;

Еңбекақы қоры

Бұл жоба штатында 2 инженер-техник бар. Инженер-техниктің айлық жалақысы 85000 теңгені құрайды (4.3 кестесін қара).

К е с т е 5.3 – Қызметкерлердің жалақысы

Лауазым	Саны	Айлық жалақы, теңге	Соммалық айлық жалақы, теңге	Жылдық жалақы, теңге
Инженер-техник	2	85000	170000	2040000

Еңбек ақы шығындары келесі формуламен есептеледі:

$$\Phi OT = Z_{осн} + Z_{доп} \quad (5.3)$$

мұндағы: $Z_{осн}$ – негізгі жалақы,

$Z_{доп}$ – қосымша жалақы.

Негізгі жалақы жылына:

$Z_{осн} = 2040000$ теңге

Қосымша жалақы негізгі жалақының 10%-ын құрайды:

$$Z_{доп} = 0,1 \cdot Z_{осн}, \quad (5.4)$$

$$Z_{доп} = 0,1 \cdot 2040000 = 204000 \text{ теңге}$$

Жылына жалпы еңбекақы қоры:

$\Phi OT = 2040000 + 204000 = 2244000$ теңге

Әлеуметтік салық бойынша шығындарды есептеу

ҚР Салық Кодексінің 317 бабымен сәйкес әлеуметтік салық арнайы тор бойынша есептелінген табыстың мөлшеріне байланысты есептелінеді. Мөлшерлеме 11%-ды құрайды және келесі формуламен есептелінеді:

$$Oc = 0,11 \cdot (\Phi OT - ПO) \quad (5.5)$$

мұндағы $ПO$ – зейнетақы қорына аударым.

ΦOT – еңбекақы қоры

0,11 – әлеуметтік қажеттіліктер мөлшерлемесі

$ПO$ ΦOT -ның 10%-ын құрайды

$$ПO = 0,1 \cdot 2244000 = 224400 \text{ теңге}$$

Ендеше, әлеуметтік салық:

$$Oc = 0,11 \cdot (2244000 - 224400) = 222156 \text{ теңге}$$

Амортизацияға кеткен шығындарды есептеу

Байланыс құрылғысына амортизация нормасы 0,25 құрайды.

Амортизация келесі формуламен анықталады:

$$A_0 = H_A \cdot \sum K, \quad (5.6)$$

мұндағы H_A – амортизация нормасы;

$\sum K$ – ҚҚС-сыз құрылғы бағасы + монтаждау мен көлікке жұмсалған шығындар.

Онда амортизациондық аударымдар құрайды:

$$A_0 = H_A \cdot \sum K = 0,25 \cdot 53228172 = 13307043 \text{ теңге}$$

Электр энергиясына жұмсалған шығындарды есептеу

Бір жыл ішінде өндірістік қажеттіліктер үшін жұмсалған электр энергиясының шығындары өзіне қосымша қажеттіліктер мен құрылғыға кеткен электрэнергиясының шығындарын қосады:

$$\mathcal{E} = \mathcal{Z}_{\text{ЭЛ.ОБОР.}} + \mathcal{Z}_{\text{ДОП.НУЖ.}} \quad (5.7)$$

мұндағы: $\mathcal{Z}_{\text{ЭЛ.ОБОР.}}$ – құрылғы үшін жұмсалған электр энергиясының шығындары;

$\mathcal{Z}_{\text{ДОП.НУЖ.}}$ – қосымша қажеттіліктер үшін кеткен шығындар;

Құрылғыға жұмсалған электроэнергия шығындары мына формуламен анықталады

$$Z_{ЭЛ.ОБОР.} = W \cdot T \cdot S \cdot 365, \quad (5.8)$$

мұндағы: W – жұмсалатын қуат,

$$W = 16,8 \text{ кВт};$$

T – жұмыс уақыты – 24 сағат;

S – 1 кВт/сағ-қа тең, тариф = 18,02 теңге;

365 – бір жылдың ішіндегі күндер саны;

$$Z_{ЭЛ.ОБОР.} = 18,02 \cdot 16,8 \cdot 24 \cdot 365 = 2651967 \text{ теңге}$$

Қосымша қажеттіліктерге кеткен шығындар құрылғының жалпы бағасының 5%-ын құрайды, келесі формуламен есептелінді:

$$Z_{ДОП.НУЖ.} = 0,05 \cdot Z_{ЭЛ.ОБОР.} \quad (5.9)$$

мұндағы $Z_{ЭЛ.ОБОР.}$ – құрылғы үшін жұмсалған шығындар;

Қосымша қажеттіліктер үшін жұмсалған электр энергиясының шығындары:

$$Z_{ДОП.НУЖ.} = 0,05 \cdot 2651967 = 132598 \text{ теңге}$$

Ендеше электр энергиясына кеткен жалпы шығындар:

$$\mathcal{E} = 2651967 + 132598 = 2784565 \text{ теңге}$$

Қапталған шығындарды есептеу

Қапталған шығындар жалпы шығындардың 60%-ын құрайды және келесі формуламен анықталады:

$$H = 0,6 \cdot (\Phi OT + O_c + A + \mathcal{E}) = 0,6 \cdot (2244000 + 222156 + 14940235 + 1239301) = 11134658 \text{ тг} \quad (5.10)$$

Материалдарға кеткен шығындар

Жобаны техникалық жүзеге асыру үшін пайдаланылған материалдар төмендегі 5.3-кестесінде көрсетілген.

К е с т е 5.3 – Материалдарға кеткен шығындар

Аты	Саны	Бірлік үшін баға, теңге	Сума, теңге
БС 19” үшін шкаф	2	48200	96400
УТР 5е кабельдік өнім	400 м	35	14000
ВОЛС кабелі	100	150	15000
Басқа материалдар			85000
Барлығы:			210400

Жобаның жылдық эксплуатациялық шығындарының нәтижесі 5.4-кестесінде көрсетілген.

К е с т е 5.4 – Жылдық эксплуатациялық шығындар

Көрсеткіш	Сума, теңге
ФОТ	2244000
Әлеуметтік қажеттілік аударымдары (Ос)	222156
Амортизациондық аударымдар (А ₀)	13307043
Электр энергиясына кеткен шығындар (Э)	2784565
Материалдарға кеткен шығындар (М)	210400
Қапталған шығындар (Н)	11134658
Барлығы	29902822

$$\text{Э} = 2244000 + 222156 + 13307043 + 2784565 + 210400 + 11134658 = 29902822 \text{тг}$$

Жүйені орнатудан тапқан табысты есептеу

Жүйені толық орнатқаннан алынатын табысты келесі формуламен анықтауға болады:

$$D_{\text{реал}} = D_{\text{п}} + D_{\text{пд}} + D_{\text{т}}, \quad (5.11)$$

мұндағы $D_{\text{п}}$ – бір жыл ішінде абоненттерден алынатын табыс;

$D_{\text{пд}}$ – бір жыл ішінде деректерді жіберу қызметі үшін абоненттік төлемдерден алынатын табыс;

$D_{\text{т}}$ – телефония қызметтері үшін абоненттік төлемдерден алынатын табыс.

Бір жылға қосылу үшін төлемдерден түсетін табыс:

$$D_{\text{по}} = (T_{\text{п}} \cdot 12) \cdot N, \quad (5.12)$$

мұндағы T_n – қосылу үшін тариф

N – жаңа қолданушылар саны

Доход от услуги ПД қызметінен түсетін табыс бір жыл ішінде (кіретін/шығатын) басым трафик:

$$D_{ПД} = (T_{ПДер} \cdot 10 \cdot 12) \cdot N \quad (5.13)$$

мұндағы N – клиенттер саны,

$T_{ПДер}$ – бір ай ішінде абонентке кеткен орташа трафик саны 4000Мб құрайды.

1Мб үшін баға 10тг.

Бір жыл ішінде телефония қызметінен түсетін табыс келесі формуламен есептелінеді:

$$D_T = N_T \cdot T_{Тсс} \cdot 30 \cdot 12 \quad (5.14)$$

мұндағы $T_{Тсс}$ – бір абоненттің орташа сөйлесу ұзақтығы составляет 90 мин құрайды. Орташа тариф 30тг құрайды;

N_T - телефония қызметімен пайдаланатын абоненттер саны.

Жобаны орнату нәтижесіндегі табысты есептеу нәтижесі 5.5-кестеде көрсетілген.

К е с т е 5.5 – Жыл бойынша қызмет көрсетуді орнатудан түсетін табыстың болжамы

Көрсеткіш атауы	1	2	3
Жаңа қолданушылар саны, бірлік	300	460	680
Қосылу үшін бір жолғы төлем, теңге	31200	31200	31200
Бір жыл ішінде қосылудан түсетін табыс, теңге	9360000	14352000	21216000
ПД абоненттер саны, бірлік	50	120	180
Трафиктің орташа мәні, Мб	9800	9800	9800
Бір жылғы ПД абоненттерінен түсетін табыс, теңге	58800000	141120000	211680000
Телефония абоненттер саны, бірлік	150	340	500
ҚА/ХА бағыт бойынша сөйлесудің орташа ұзақтығы, мин	90	90	90
Бір жыл ішінде абоненттерінен түсетін табыс, теңге	4860000	11016000	16200000
Бір жыл ішіндегі таза табыс, теңге	73020000	166488000	249096000

Жобаны жүзеге асырудағы тиімділік бағасы келесі көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады:

Таза табыс;

Таза келтірілген табыс;
 Дисконттаусыз өтелу мерзімі;
 Дисконттауды есепке ала отырып өтелу мерзімі.
 Өтелу мерзімін есептеу үшін таза табыс пен салық салудан кейінгі кәсіпорын табысын анықтау қажет.

Кәсіпорынның таза табысын келесі формуламен анықтаймыз:

$$D_{\text{чист.}} = D - \sum \text{Э} \quad (5.15)$$

мұндағы D – бір жыл ішіндегі қызметтерді орнатудан түсетін таза табыс.
 $\sum \text{Э}$ – эксплуатациялық шығындар

$$D_{\text{чист.}} = 73020000 - 29902822 = 43117178 \text{ теңге}$$

Бюджетке салынатын салық сомасы кәсіпорынның таза табысының 20%-ын құрайды. Салық салудан кейінгі кәсіпорынның таза табысы мына формуламен есептелінеді:

$$D_{\text{чист.н.}} = 0,8 \cdot D_{\text{чист}} \quad (5.16)$$

мұндағы $D_{\text{чист.н.}}$ – кәсіпорынның таза табысы;
 Ендеше, салық салғаннан кейінгі таза табыс:

$$D_{\text{чист.н.}} = 0,8 \cdot 43117178 = 34493742 \text{ теңге}$$


Сол сияқты, келесі жылдар үшін табысты есептейік және оны 5.6-кестесіне енгізейік.

К е с т е 5.6 – Табыстардың көрсеткіші (дисконттаусыз)

Көрсеткіш атауы	1	2	3
Қызметтерді жүзеге асырудан түсетін табыс, мың теңге	73020000	166488000	249096000
Эксплуатациондық шығындар, теңге	29902822	29902822	29902822
Пайда – Негізгі қызметтен түсетін табыс, теңге	43117178	136585178	219193178
Таза пайда – салық салудан кейінгі табыс, теңге	34493742	109268142,4	175354542,4
Амортизациялық аударымдар A_0 , теңге	13307043	13307043	13307043
Таза пайда (Салық салудан кейінгі пайда+ A), теңге	47800785	122575185	188661585
Капиталдық қаржы салу, теңге	59760938	0	0
Таза түсімдер, теңге	-11960153	122575185	188661585

Есептеуден оператордың табысы желіге қосылатын клиенттердің санына байланысты екені көрінеді. 1,2 жылдан кейін, яғни кәсіпорын өзін толығымен өтелуінен бастап, желінің болашақ дамуы үшін түсетін ақшалай қаржылардың бағытталуы және көптеген абоненттердің қосылуы қосылуы мүмкін. Бұл міндетті түрде кәсіпорынның табыс деңгейіне әсер етеді.

График бойынша 5.1-суретте графикалық түрде жобаға салынған дисконттаусыз өтелу мерзімі $T_{ок}$ анықталады, өтелу мерзімі 1,15 жылға тең. График кестенің деректерімен құрылған.



Сурет 4.1 – Дисконттауды есепке алмағандағы жобаның өтелу мерзімін анықтау

Бір тұтас уақыт сәтіне дейін бірдей уақыттағы шығындарды келтіру үшін келтірілген таза табыс пен дисконттау есебімен өтелу мерзімінің көрсеткіштері негізінде жобаның тиімділігінің бағасын жүргізу.

Келтірілген таза табыс келесі формуламен анықталады:

$$ПЧД = Knp \cdot ЧД \quad (5.17)$$

мұндағы ЧД – жобаны орнатудан түсетін таза табыс.

Knp – дисконттау коэффициенті, келесі формуламен есептеледі:

$$Knp = 1/(1+r) \cdot t \quad (5.18)$$

мұндағы t – есептеу қадамының нөмірі;

r – дисконттау мөлшерлемесі 0,20 құрайды;

Бірінші жыл үшін дисконттау коэффициенті:

$$Knp = 1/(1+0,20) \cdot 1 = 0.83 \quad (5.19)$$

Ендеше бірінші жыл үшін келтірілген таза табыс:

$$ПЧД = 0.83 \cdot 47800785 = 39674651,55 \text{ теңге} \quad (5.20)$$


Сол сияқты келесі жылдар үшін де есептеулер жүргізілген.

Дисконттаумен бірге есептелген табыстар көрсеткішінің нәтижесі 5.7-кестесінде көрсетілген.

К е с т е 5.7 – Табыстар көрсеткіші (дисконттаумен)

Көрсеткіш атауы	1	2	3
Қызметтерді жүзеге асырудан түсеткін табыстар, теңге	73020000	166488000	249096000
Эксплуатациялық шығындар, теңге	29902822	29902822	29902822
Пайда - Негізгі қызметтен түсетін табыс, теңге	43117178	136585178	219193178
Таза пайда – салық салудан кейінгі табыс, теңге	34493742	109268142,4	175354542,4
Амортизациялық аударымдар A_0 , теңге	13307043	13307043	13307043
Таза пайда (Салық салудан кейінгі пайда+A), теңге	47800785	122575185	188661585
Келтіру коэффициенті	0,83	0,69	0,58
Дисконттауды есепке ала отырып келтірілген таза табыс, теңге	39674651,55	84576877,65	109423719,3
Капиталдық қаржы салу, теңге	59760938	0	0
Таза түсімдер, теңге	-20086286,45	84576877,65	109423719,3

График бойынша 5.2-суретте графикалық түрде жобаға салынған дисконттаумен өтелу мерзімі $T_{ок}$ анықталады, өтелу мерзімі 1,3 жылға тең. График кестенің деректерімен құрылған.



Сурет 5.2 – Жобаның өтелі мерзімін анықтау

Берілген капиталдық қаржы салулардың өтелу мерзімі уақыт кезеңін жылмен сипаттайды. Бұл уақыт ішінде капиталдық қаржы салулар пайдамен орнын толығымен толтырады және ол 1,3 жылды құрайды. Жоғарыда көрсетілген қаржы-экономикалық дәлелдеулер негізінде бұл жоба экономикалық тұрғыда тиімді және олжалы болады деген қорытынды шығаруға болады. Себебі оның өтелу мерзімі дисконттауды есепке алғанды берілген уақыттан аспайды: $1,3 \text{ жыл} < 5 \text{ жыл}$.

ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасырдың соңы ақпараттық және байланыс технологияларының дамуымен есте қалды. Бүгінгі таңда олар экономика мен әлеуметтік ортаның дамуын үдетуге үнделген. Соңғы теориялық зерттеулерге сәйкес телефондық сыйымдылықтың шегі барлық тұрғындар санының 40-60%-ын құрайды. Болжам бойынша, жалпы қолданыстағы телефондық желі мен Интернетті қолданушылардың жалпы саны 2010 жылға қарай 70 миллионнан асып түсті. Сондықтан бүгінгі таңда жаңа абоненттік сыйымдылықты құру кезінде VoIP функцияларымен коммутация жүйесін қамсыздандыру мүмкіндіктерін қарастыру заңды.

Бірлескен сектордың өзіндік ерекшелігі – онда IP-телефония шешімдерінің жылжу үдерісінде активті рөлде құрылғылардың өндірушілері мен олардың жетекші дистрибьюторлары ойнайтыны болып табылады.

Бұл дипломдық жобада орта коммерциялық құрылымды VoIP-телефония бірлескен желінің құрылуы қарастырылған. Әсіресе «Дасу» АҚ бас офісі мен оның Астана мен Қарағанды қалаларындағы өкілдері арасында. VoIP бірлескен желісі Cisco Systems құрылғыларында негізделеді және AVVID архитектурасын қолдайды. Бұл желіні үлкен компаниялардың деңгейінде аз шығындармен масштабтауға мүмкіндік береді. Дауыс бөлімі Cisco CallMeneger мен Cisco 7905G IP-телефондарының негізінде жүзеге асырылған. Қолдауы бар интеграцияланған маршрутизаторларды қолдану деректерді жіберу арналарымен шалыстар болған кезде алыстатылған офистердың автономдығын сақтауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қауіпсіздік сұрақтар SAFE қауіпсіздік архитектурасын қолдану арқылы шешілді. Ол желілік қауіпсіздікті жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл IP-телефония жобасын жүзеге асыру келесі артықшылықтармен қамсыздандырады:

- дауыс трафигін деректерді жіберу бірлескен магистральды желісі арқылы бағыттай отырып, дәстүрлі телефондық қызметтерге кететін шығындарды маңызды азайта алады. Яғни, техникалық қызмет көрсету бағасын азайтады;

- еңбек шығындары мен шығыстарды қысқарту. Cisco ISR маршрутизаторлары дауыс трафигі мен деректер трафигінің жіберілуін тұтас инфрақұрылым шегінде жүзеге асырады; осы қалыпта, екі бөлек желілерді қамту қажеттілігі болмайды. Бұл телефондық желі қызмет көрсету қолдауы мен эксплуатациямен байланысты шығындардан арылуға жағдай туғызады;

- бір IP желісі бойынша деректер мен дауыс жіберу технологиясы желілі архитектураны ықшамдауға және әкімшілік ету үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік береді; сонымен қатар, қолдау туралы кез келген сұрақтарды бір адреске қоя алады. Яғни, бұл алыстатылған офистер ішінде күтуші персоналдың қажеттілігі керек емес;

- қызметкерлердің ауысуымен байланысты шығындарды азайту. Қызметкерлер бір орыннан екінші орынға кәсіпорын шегінде ауыса алады;

жаңа орында жұмысты бастау үшін, оларға тек Cisco IP-телефонын қолданып, жүйеде тіркелу қажет. Кейін бұл телефонға қолданушының күйге келтірілуі мен телефондық нөмірі тағайындалады;

- еңбек өнімділігін арттыру. Еңбек өнімділігін арттыру үшін кең мүмкіншіліктерді Cisco XML-қосымшаларының IP-телефон қолдаулары ашады. Олар телефон жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Бұл технологияның коммерциялық құрылымдар үшін нақты құндылығы тек қалааралық пен халықаралық телефондық сөйлесулерге төлеуге кеткен шығындарды төмендетуде ғана емес, сонымен қатар еңбек өнімділігі мен тиімділігін бір уақытта арттыру кезінде желілі әкімшілік етуге кеткен шығындарды азайтуда. IP-телефония жұмыс топтары ішінде адамдардың бірлескен еңбегінің өнімділігін арттыратын үстел үстілік компьютерлер арасындағы видеоконференцияларды өзіне қоса, мультимедиалық байланыстардың негізін қалады.

Ұсынылған тапсырыс берушілерден желі тұтынушылар үшін қажетті ақпаратты уақытылы алуға мүмкіндік береді.

Бұл құрылған желі негізінде болашақта оның масштабтылығын жүзеге асыруға болады.


Әдебиеттер тізімі

- 1 Закон «О Связи» Республики Казахстан. – Астана, 2004.
- 2 Указ Президента Республики Казахстан №1471 от 10 ноября 2004г. «О создании национальной информационной инфраструктуры».
- 3 Ахмятов З.В., Банников А.И., Морозова О.Н. Методические указания по разработке организационно–экономических вопросов в курсовом и дипломном проектировании.– Казань.: КАИ, 1989г.
- 4 Баклашов Н.И., Китаев Н.Ж. Охрана труда на предприятиях связи и охраны окружающей среды. – М.: Радио и связь, 1999г.
- 5 Барков И. Некоторые аспекты технологии IP-телефонии. – www.xbt.com, 2000.
- 6 Бертсекас Д., Галла Гер Р. Сети передачи данных. – М., Мир, 1999г. – 600С.
- 7 Богомоллов А.И. Некоторые концептуальные аспекты построения корпоративной сети передачи данных//Электросвязь. – 2002г.- №11.- С. 29- 30.
- 8 Боканов Н.Ю., Шермет А.Д. Теория экономического анализа. – М.: Финансы и статистика, 1994г.
- 9 Винсант-Гордон. VoIP, как эффективно использовать каналы связи, 2003г.–36-37 С.
- 10 В.Л.Брайдо. СПб.:Питер, 2004.-703С.:ил. Вычислительные системы, сети и телекоммуникации: Учебник для вузов. 2-е изд.
- 11 Гилберт Хелд "Ethernet Networks: Design, Implementation, Operation, Management" и "Protecting LAN Resources: A Comprehensive Guide to Securing, Protecting and Rebuilding a Network" издательство John Wiley & Sons.
- 12 Гольдштейн Б.С., Пинчук А.В., Суховицкий А.Л. IP-телефония. – М.: Радио и связь, 2001г. – 336С.
- 13 Горелик М.А. и Голубицкая Е.А. Основы экономики телекоммуникаций (связи). – М.:Радиосвязь, 1997г. – 188-191С.
- 14 Демина О.В. Основы экономики телекоммуникаций. – М.: Радио и связь, 1992г.
- 15 Давыдова Л.А., Фальцман В.К. Экономика и управление предприятием. – М.:Финансы и статистика, 2003г. – 145-150, 165С.
- 16 Интернет-телефония./ Компьютер пресс, 1999г №10
- 17 IP-телефония и ТфОП./ Технологии и средства связи, 1999г №2
- 18 Келли М., Стив М. Передача голосовых данных по Cisco Frame Relay, АТМ, и IP. Изд. – Вильямс, 2002г. 750С.
- 19 Клейнрок Л. Вычислительные сети с очередями. М.: Мир, 1999г. – 600С.
- 20 Minoli D., Minoli E. Delevering Voice over IP networks. John Willey&Sons.Inc., 1999г.- 276р.
- 21 Нейман В.И. Проблема роста скорости передачи в сетях связи// Автоматика, связь, информатика. – 2003, №1. – С. 22-27.

- 22 Столинг В. Передача данных. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2004г. – 750С.: ил. – (Серия «Классика computer Science »).
- 23 Столинг В. Компьютерные сети, протоколы и технологии Интернета.- Спб.:БХВ-Петербург, 2005-832С.:ил.
- 24 Скляр, Бернард. Цифровая связь. Теоретические основы и практическое применение. Изд.2-е,исп.:Пер.с англ.-М: Издательский дом «Вильямс», 2004.-1104С.:ил.
- 25 Технологии передачи данных. 7-е изд./Г. Хелд. – Спб.: Питер, К.: Издательская группа ВHV, 2003. – 720С.: ил. - (Серия «Классика computer Science »).
- 26 Холл Э., Уиллис Д. IP-телефония на вашем предприятии //Сети и системы связи. – 1999г, №1 (35). – С.60-69.
- 27 Шлюфман О.Е., Антипин С.В. Корпоративные шлюзы IP-телефонии//Технологии и средства связи. – 2005г. №4. – С.48-55.
- 28 Шнепс - Шнеппе М.А. IP-телефония: какая польза для операторов связи//Изд. – 2001г, №2. – С. 52-55.
- 29 Шолина Л.Г. Охрана труда на предприятиях связи. – М.: Радио и связь, 1997г.
- 30 Экономика связи/Под ред. О.С. Срапионова. – М.: Радио и связь, 1998г.
- 31 36. Шварцман В.О. Информационная безопасность систем и сетей общего пользования//Вестник связи.-2005,№12.-С.44-55.
- 32 Архитектура SAFE для IP-телефонии (SAFE: IP Telephone Security in Depth) - <http://www.cisco.com/warp/public/cc/so>
- 33 32 Официальный сайт компании Cisco Systems – <http://www.cisco.com/>

Қосымша А

Желінің топологиясы



Қосымша Ә

Маршрутизаторлардың жұмысын реттеу

```
R1
hostname R1
no logging console
interface FastEthernet0/0
ip address 195.54.10.242 255.255.255.248
ip nat outside
no shutdown
exit
interface Serial1/0
ip address 172.16.5.1 255.255.255.248
encapsulation frame-relay
frame-relay map ip 172.16.5.2 102 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.3 103 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.4 104 broadcast
frame-relay lmi-type ansi
ip nat inside
ip ospf network broadcast
clock rate 64000
no shutdown
exit
ip nat inside source list 1 interface FastEthernet0/0 overload
ip route 0.0.0.0 0.0.0.0 FastEthernet0/0
router ospf 1
router-id 1.1.1.1
log-adjacency-changes
network 195.54.10.240 0.0.0.7 area 0
network 172.16.5.0 0.0.0.7 area 0
exit
access-list 1 permit 172.16.5.0 0.0.0.7
access-list 1 permit 172.16.0.0 0.0.0.255
access-list 1 permit 172.16.2.0 0.0.0.255
access-list 1 permit 172.16.1.0 0.0.0.63
access-list 1 permit 172.16.1.64 0.0.0.63
access-list 1 permit 172.16.3.0 0.0.0.63
access-list 1 permit 172.16.4.0 0.0.0.127
access-list 1 permit 172.16.4.128 0.0.0.1
```

Б қосымшасының жалғасы

```
hostname R2
no logging console
ip dhcp excluded-address 172.16.0.1
ip dhcp excluded-address 172.16.1.1
ip dhcp excluded-address 172.16.1.65
ip dhcp pool G
network 172.16.0.0 255.255.255.0
default-router 172.16.0.1
dns-server 195.54.10.241
exit
ip dhcp pool C
network 172.16.1.0 255.255.255.192
default-router 172.16.1.1
dns-server 195.54.10.241
exit
ip dhcp pool F
network 172.16.1.64 255.255.255.192
default-router 172.16.1.65
dns-server 195.54.10.241
exit
interface Serial0/0
ip address 172.16.5.2 255.255.255.248
encapsulation frame-relay
frame-relay map ip 172.16.5.1 201 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.3 203 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.4 204 broadcast
frame-relay lmi-type ansi
ip ospf network broadcast
clock rate 64000
no shutdown
exit
interface FastEthernet1/0
ip address 172.16.0.1 255.255.255.0
ip access-group 120 in
no shutdown
exit
interface FastEthernet2/0
ip address 172.16.1.65 255.255.255.192
no shutdown
exit
```

Б қосымшасының жалғасы

```
interface FastEthernet3/0
ip address 172.16.1.1 255.255.255.192
no shutdown
exit
ip route 0.0.0.0 0.0.0.0 172.16.5.1
router ospf 1
router-id 2.2.2.2
log-adjacency-changes
network 172.16.0.0 0.0.0.255 area 0
network 172.16.1.0 0.0.0.63 area 0
network 172.16.1.64 0.0.0.63 area 0
network 172.16.5.0 0.0.0.7 area 0
exit
ip access-list extended 120
deny ip 172.16.0.0 0.0.0.255 host 195.54.10.245
permit ip any any
exit
hostname R3
no logging console
ip dhcp excluded-address 172.16.2.1
ip dhcp excluded-address 172.16.3.1
ip dhcp pool B
network 172.16.2.0 255.255.255.0
default-router 172.16.2.1
dns-server 195.54.10.241
exit
ip dhcp pool A
network 172.16.3.0 255.255.255.192
default-router 172.16.3.1
dns-server 195.54.10.241
exit
interface Serial0/0
ip address 172.16.5.3 255.255.255.248
encapsulation frame-relay
frame-relay map ip 172.16.5.1 301 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.2 302 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.4 304 broadcast
frame-relay lmi-type ansi
ip ospf network broadcast
clock rate 64000
```

Б қосымшасының жалғасы

```
no shutdown
exit
interface FastEthernet1/0
ip address 172.16.2.1 255.255.255.0
no shutdown
exit
interface FastEthernet2/0
ip address 172.16.3.1 255.255.255.192
no shutdown
exit
ip route 0.0.0.0 0.0.0.0 172.16.5.1
router ospf 1
router-id 3.3.3.3
log-adjacency-changes
network 172.16.5.0 0.0.0.7 area 0
network 172.16.3.0 0.0.0.63 area 0
network 172.16.2.0 0.0.0.255 area 0
exit
hostname R4
no logging console
ip dhcp excluded-address 172.16.4.129
ip dhcp excluded-address 172.16.4.1
ip dhcp pool D
network 172.16.4.128 255.255.255.224
default-router 172.16.4.129
dns-server 195.54.10.241
exit
ip dhcp pool E
network 172.16.4.0 255.255.255.128
default-router 172.16.4.1
dns-server 195.54.10.241
exit
interface Serial0/0
ip address 172.16.5.4 255.255.255.248
encapsulation frame-relay
frame-relay map ip 172.16.5.1 401 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.2 402 broadcast
frame-relay map ip 172.16.5.3 403 broadcast
frame-relay lmi-type ansi
ip ospf network broadcast
```

Б қосымшасының соңы

```
clock rate 64000
no shutdown
exit
interface FastEthernet1/0
ip address 172.16.4.129 255.255.255.224
no shutdown
exit
interface FastEthernet2/0
ip address 172.16.4.1 255.255.255.128
no shutdown
exit
ip route 0.0.0.0 0.0.0.0 172.16.5.1
router ospf 1
router-id 4.4.4.4
log-adjacency-changes
network 172.16.5.0 0.0.0.7 area 0
network 172.16.4.0 0.0.0.127 area 0
network 172.16.4.128 0.0.0.1 area 0
exit
```